

Шоғырландырылған қаржылық есеп





- 82 Тәуелсіз аудиторлардың есебі
- 83 Шоғырландырылған қаржылық есеп
- 83 Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған қаржылық есеп
- 84 Жиынтық табысы туралы шоғырландырылған қаржылық есеп
- 85 Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған қаржылық есеп
- 86 Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған қаржылық есеп
- 87 Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

Қаржылық есеп

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

“ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру” акционерлік қоғамының акционерлері мен басшылығына

Біз «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдары (әрі қарай «Компания») ұсынған қаржылық есепке аудит жүргіздік. Оның құрамына 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп пен жалпы табыс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдың өзгерісі туралы шоғырландырылған есеп пен жыл бойындағы ақша қаражаты қозғалысының шоғырландырылған есебі, сонымен қатар, қолданыстағы есеп саясатының аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндіру ақпараттары кіреді.

Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есепке қатысты жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржылық есеп-қисап Қаржылық есептің халықаралық стандартына сай етіп дайындалғанына және оның шынайылығына, сонымен қатар, басшылықтың пікіріне сәйкес қаржылық есепті дайындауды қамтамасыз ету үшін, қателіктердің немесе жауапсыз әрекеттердің салдарында елеулі бұрмалаушылықтарға жол бермейтін ішкі бақылау рәсімдеріне жауапты.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз осынау шоғырландырылған қаржылық есеп-қисап негізінде жүргізілген аудит бойынша өз пікір-ойларымызды білдіру болып табылады. Біз аталған аудитті халықаралық стандарттарға сәйкес жүргіздік. Бұл стандарт ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есепте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығын анықтау мақсатында, оның жоқтығына сенімді болу үшін, аудитті жоспарлау мен жүргізу барысында этикалық нормаларды сақтауымызды талап етеді.

Аудит ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдерді орындауды қамтиды. Рәсімдерді таңдау аудитордың өз пікіріне негізделеді, оған қателіктер немесе жауапсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар тәуекелін бағалау кіреді. Аталған тәуекелді бағалау кезінде аудитор, шоғырландырылған қаржылық есепті дайындауға және оның шынайылығына қатысты ішкі бақылау аспектілерін қарастырады, соған орай, нақты жағдайларға қатысты аудиттың рәсімдерін анықтайды және компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіруді мақсат етпейді. Сонымен қатар, аудит басшылық қолданған есеп-қисап саясатын пайдалану мен бухгалтерлік бағалаудың негізділігіне баға беруді де қамтиды.

Біздің аудиторлық дәлелдеріміз өз пікірімізді толық және нақты етіп білдіруге жеткілікті деп есептейміз.

Қорытынды

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есеп, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының 2015 жылғы 31 желтоқсанға сай қаржылық жағдайын, сонымен қатар, олардың осы мерзімдегі қаржылық нәтижелері мен жыл бойындағы ақша қаражатының қозғалысын, Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес, барлық елеулі аспектілер бойынша шынайы түрде көрсетеді.

Джеймс Дакер
Аудит бойынша әріптес



Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС
Аудитор/Бас директор

Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға рұқсат ететін мемлекеттік Лицензия: сериясы МФЮ – 2, №0000003, Қазақстан Республикасының Қажы министрлігі 2005 жылдың 15 шілдесінде берген.

23 ақпан, 2016 жыл

Аудитордың кәсіби куәлігі №000553,
24 желтоқсан, 2003 жыл.

Эрнст энд Янг Қазақстан ЖШС
Әл-Фараби даңғылы, 77/7
«Есентай Тауэр» БО
Алматы, 050059
Қазақстан Республикасы

Тел.: +7 (727) 258 59 60
Факс: +7 (727) 258 59 61



Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған қаржылық есеп

Миллион теңгемен

	Ескерту	31 желтоқсанға 2015	31 желтоқсанға 2014
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімдік активтер			
Негізгі қаражаттар	5	234,367	156,436
Материалдық емес активтер	6	9,619	10,855
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	8	154,453	95,177
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	9	154,241	116,054
Бірлесе бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	8	21,602	13,808
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын қарыздар	8	27,941	25,738
Өзге де қаржылық активтер	7	33,760	18,567
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	20	71,904	84,067
Өтелетін ҚҚС	24	-	42,300
Өзге де активтер		5,717	15,472
Ұзақ мерзімдік активтердің жиынтығы		713,604	578,474
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	10	23,102	26,357
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		36,225	23,916
Салық бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС	24	16,132	37,831
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы және ренталық салық бойынша алдын ала төлем		6,064	2,581
Алдағы кезеңдердің шығыны		30,135	30,011
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	7	105,443	56,570
Бірлесе бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық берешек	8	8,822	4,658
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын қарыздар	8	-	7,692
Өзге де қаржылық активтер	7	833,912	535,513
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленті	7	237,310	180,245
Ағымдағы активтердің жиынтығы		1,297,145	905,374
Активтердің жиынтық көрсеткіші		2,010,749	1,483,848
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	11	163,004	163,004
Өзге де резервтер		3,945	2,355
Бөлінбеген пайда		1,311,759	1,098,170
Капиталдың өзге де құрамы		333,141	75,587
Капиталдың жиынтық көрсеткіші		1,811,849	1,339,116
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімдік міндеттемелер			
Қарыздар		5,990	4,218
Салық бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	20	240	569
Резервтер	13	45,264	34,929
Ұзақ мерзімдік міндеттемелердің жиынтығы		51,494	39,716
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар		5,585	3,000
Резервтер	13	70,010	8,287
Төленетін табыс салығы		13	15
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы және ренталық салық		22,249	34,200
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек		49,549	59,514
Ағымдағы міндеттемелердің жиынтығы		147,406	105,016
Міндеттемелердің жиынтық көрсеткіші		198,900	144,732
Міндеттемелер мен капиталдың жиынтығы		2,010,749	1,483,848

84-114 беттердегі ескертулер аталған шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Қаржылық есеп

Жалпы табыс туралы

шоғырландырылған қаржылық есеп

Миллион теңгемен

	Ескерту	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 2015	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 2014
Кірістер	14	529,812	845,770
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлесі	8, 9	(20,062)	60,191
Қаржылық табыс	19	26,094	20,762
Түсім және өзге де кірістердің жиынтығы		535,844	926,723
Өндірістік шығындар	15	(225,049)	(211,900)
Сату, жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша шығындар	16	(118,601)	(102,568)
Барлау шығындары		(1,892)	(2,127)
Тозу, сақилу және амортизация	5, 6	(20,110)	(59,485)
Табыс салығынан бөлек салықтар	17	(181,501)	(328,211)
Өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы	24	(46,753)	-
Негізгі қаражаттардың құнсыздануы	5, 18	(4,358)	(256,683)
Негізгі қаражаттарды есептен шығарудан келген зиян		(260)	(4,221)
Қаржылық шығындар	19	(14,999)	(8,952)
Бағамдағы жағымды айырма, нетто		448,869	108,997
Салық салынғанға дейінгі пайда		371,190	61,573
Табыс салығы бойынша шығындар	20	(127,521)	(14,535)
Жылдық пайда		243,669	47,038
Валюта бағамын қайта есептеу айырмасы		257,554	53,078
Алдағы кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта көшірілетін өзге де жалпы табыс		257,554	53,078
Салық шегерілген жылдық жалпы табыстың жиынтығы		501,223	100,116
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА – мың теңге			
Базалық және таратылған	12	3.57	0.69

84-114 беттердегі ескертулер аталған шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған қаржылық есеп Миллион теңгемен

Ескерту	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 2015	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша 2014
Операциялық қызметтен келген ақша ағыны		
Салық салғанға дейінгі пайда	371,190	61,573
Ақшалай емес баптарды қосу/(шегеру) үшін түзету		
Тозу, сарқылу және амортизация	5,6	59,485
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлесі	8,9	(60,191)
Негізгі қаражаттарды есептен шығарудан келген зиян	260	4,221
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	5,18	256,683
Барлау және бағалау активтері бойынша нәтижесіз барлау активтерінің шығындары	6	1,263
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану	1,598	-
Үлестік құралдарды айыру	(8)	(127)
Операциялық қызметтен тыс бағам айырмасынан келген бөлінбеген табыс	(424,585)	(76,188)
Өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы	46,753	-
Резервтердегі өзгерістер	35,993	4,073
Ақшалай емес өзге де кірістер мен шығыстар	1,196	247
Плюс қаржылық шығындар	19	8,952
Минус қаржылық кірістер	19	(20,762)
Айналымдық капиталды түзету		
Өзге де активтердегі өзгерісі	3,676	2,129
Тауарлы-материалдық қорлардың өзгерісі	2,841	1,021
Салықтар мен өтелетін ҚҚС бойынша алдын ала төлемнің өзгерісі	9,888	(12,299)
Алдағы кезеңдер шығынының өзгерісі	(123)	(7,947)
Саудалық және өзге де дебиторлық берешектер өзгерісі	(34,792)	96,684
Саудалық және өзге де кредиторлық берешектер өзгерісі	(15,330)	(8,629)
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық бойынша төлем және алдын ала төлем өзгерісі	(2,906)	(26,570)
Төленген табыс салығы	(99,422)	(87,214)
Операциялық қызметтен алынған (пайдаланылған) таза ақша ағыны	(70,336)	196,404
Инвестициялық қызметтен келген ақша ағыны		
Негізгі құралдарды сатып алу	(88,174)	(132,186)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	171	224
Материалдық емес активтерді сатып алу	(1,901)	(2,042)
Бірлескен кәсіпорындарға ұсынылған қарыздар	8	(3,895)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, төлем көзінен салық төлегеннен кейін	8,9	73,945
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтерді есептен шығарудан/(сатып алудан) түскен түсім	144,960	23,617
Өзге де қаржылық активтерді сатудан түскен түсім	-	155
Байланысты тараптардан алынған қарыздарды өтеу	6,815	4,866
Алынған сыйақылар	14,839	14,654
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) таза ақша ағыны	87,143	(20,662)
Қаржылық қызметтен келген ақша ағыны		
Қарыздарды өтеу	(1,241)	(1,093)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	3,11	(128,995)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны	(30,229)	(130,088)
Ақшалай қаражат және олардың эквивалентінің таза өзгерісі	(13,422)	45,654
Жыл басындағы ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	7	180,245
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленті бойынша жағымды бағам айырмасы	70,487	15,555
Жыл соңындағы ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	7	237,310

84-114 беттердегі ескертулер аталған шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Қаржылық есеп

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен

	Жарғылық капитал	Сатып алынған өз акциялары	Өзге де резервтер	Бөлінбеген пайда	Валютаны қайта есептеу бойынша резерв	Капитал жиынтығы
2013 жылғы 31 желтоқсанға	263,095	(100,126)	2,482	1,185,815	22,509	1,373,775
Жылдық пайда	-	-	-	47,038	-	47,038
Өзге де жалпы табыс	-	-	-	-	53,078	53,078
Жалпы табыстың жиынтығы	-	-	-	47,038	53,078	100,116
Үлестік құралдарды айыру (11 ескерту)	-	-	(127)	-	-	(127)
Қызметкерлер опциондарының орындалуы (11 ескерту)	-	35	-	-	-	35
Дивидендтер (11 ескерту)	-	-	-	(134,683)	-	(134,683)
2014 жылғы 31 желтоқсанға	263,095	(100,091)	2,355	1,098,170	75,587	1,339,116
Жылдық пайда	-	-	-	243,669	-	243,669
Өзге де жалпы табыс	-	-	-	-	257,554	257,554
Жалпы табыстың жиынтығы	-	-	-	243,669	257,554	501,223
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді мойындау (11 ескерту)	-	-	1,598	-	-	1,598
Үлестік құралдарды айыру (11 ескерту)	-	-	(8)	-	-	(8)
Дивидендтер (11 ескерту)	-	-	-	(30,080)	-	(30,080)
2015 жылғы 31 желтоқсанға	263,095	(100,091)	3,945	1,311,759	333,141	1,811,849

84-114 беттердегі ескертулер аталған шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

Миллион теңгемен, егер басқаша көрсетілмесе

1.1. Компания туралы ақпарат және қызметінің негізгі бағыттары

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (әрі қарай «Компания») Қазақстан Республикасында құрылған, көмірсутек шикізатын сатып алумен, барлаумен, игерумен, өндірумен, өңдеумен және экспорттаумен айналысатын компания. Мұнай және газ саласындағы негізгі операциялық қызметі Батыс Қазақстанда Каспий теңізі маңында және Маңғыстау бассейндерінде жүріп жатыр. 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айналымда жүрген Компания акцияларының 63,21%-на иелік ететін (2014 жылы: 63,21%) Компанияның негізгі әрі тікелей акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (әрі қарай «ҚМГ ҰК» немесе «Бас компания») Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттік мүдделерді қорғайды. Бас компания толықтай «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (әрі қарай «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ») құзырында, ал ол, өз кезегінде, толықтай Қазақстан Республикасы Үкіметіне бағынышты (әрі қарай «Үкімет»).

Компания өз қызметін 100% еншілес ұйымдары болып табылатын «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ арқылы іске асырады. Сонымен қатар, Компанияның өзге де еншілес ұйымдары, бірлесе бақыланатын кәсіпорындарда, қауымдасқан компанияларда және басқа да кәсіпорындарда үлестері бар. Олардың басым бөлігінде Компанияның бақыланатын және бақылмайтын үлестік қатысулары болғанымен, олар негізгі қызметтерді атқаруы байланысты емес. Аталған шоғырландырылған қаржылық есеп жоғарыда атап өтілген үлестік қатыстары барлық мекемелер қызметтерінің нәтижелері мен қаржылық жағдайын көрсетеді.

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу

Аталған шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау барысында қолданылған есеп-қисап саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Басқаша көрсетілмесе осы есеп саясаты рет-ретімен ұсынылған барлық кезеңдер үшін қолданылған болып саналады.

2.1 Дайындық негізі

Аталған шоғырландырылған қаржылық есеп Қаржылық есептің халықаралық стандартына («ҚЕХС») сәйкес етіп әзірленген. Шоғырландырылған қаржылық есеп қаржылық құралдарды есепке алмағанда, бастапқы күн бойынша есеп жүргізу қағидасымен жасалған. Басқадай көрсетілмесе, аталған шоғырландырылған қаржылық есеп теңгемен жүргізілген және мәні миллионға дейін қысқартылған.

Қаржылық есепті ҚЕХС талаптарына сәйкес етіп әзірлеу, елеулі есептік бағалауды пайдалануды талап етеді, сонымен қатар, есеп саясатын қолдану барысында рұқсат ету бойынша басшылық тарапынан өз пікірін білдіруді де талап етеді. Өз-өзіне күрделі деңгейлі жоғарғы талаптарды немесе рұқсат етулерді қолдануға болатын салалар, сонымен қатар, шоғырландырылған қаржылық есеп үшін бағалау мен рұқсат етулер елеулі болып саналатын салалар 4-Ескертуде ашып көрсетілген.

Валюта бағамдары

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан теңгесінің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы сәйкесінше 339,47 және 182,35 теңгені құрады. Қандай да бір теңге сомасын АҚШ долларында, не өзге де тұрақты валютада қайта санау – теңге түріндегі мұндай сома жоғарыда көрсетілген айырбас бағамы бойынша не өзге де қандай да бір айырбас бағамы бойынша тұрақты валютаға айырбасталған, айырбасталуы мүмкін, не болашақта айырбасталады деген сөз емес және де бұл бекітілген ұстаным ретінде қарастырылмауы тиіс.

Бухгалтерлік есептің қабылданған стандарттары мен түсіндірмелері

Жыл бойы Компания ҚЕХС-ке сәйкес жаңа және қайта қаралған келесі стандарттарды қабылдады, алайда олар Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жоқ:

БЕХС 19	Бекітілген төлемдері бар бағдарламалар: қызметкерлердің жарнамасы (ескертулер);
ҚЕХС жетілдіру	2010–2012 жылдар кезеңінде
ҚЕХС жетілдіру	2011–2013 жылдар кезеңінде

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар

Төменде келтірілген стандарттар мен оларға берілген түсіндірмелер Компанияның қаржылық есебі жария етілген күнге дейін шығарылғанымен, өз күшіне енбеген, және Компанияның пікірінше, олар қолданысқа енгізілгенде қаржылық жағдайға немесе қызметтердің нәтижесіне ықпал ететін болады. Компания аталған стандарттарды қажет жағдайда күшіне енген күннен бастап (басталатын жылдың кезеңдері үшін өз күшіне енеді) қолдануға ниетті:

ҚЕХС 9	«Қаржылық құралдар: жіктеу және бағалау» (2018 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 15	«Сатып алушылармен арадағы келісімдер бойынша түсімдер» (2018 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 11	«Бірлескен операциялардағы үлестерді сатып алуды есепке алу» (түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 14	«Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоты» (2016 жылдың 1 қаңтары);
БЕХС 16 және БЕХС 38	«Тозу және амортизацияның тиімді әдістеріне түсіндірме» (түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтары);
БЕХС 27	«Жекелеген қаржылық есептегі үлестік қатысу әдісі» (түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтары);
БЕХС 1	«Ақпараттарды жария ету саласындағы ұсыныс» (БЕХС 1 б/ша түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 10, ҚЕХС 12 және БЕХС 2	«Инвестициялық ұйымдар: шоғырлану талаптарынан шығарып тастауды қолдану» (ҚЕХС 10, ҚХЕС 12 және ҚХЕС 28 б/ша түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап және бұл күннен кейін басталатын жылдар кезеңі үшін өз күшіне енеді);
ҚЕХС жетілдіру	2012–2014 жылдар кезеңінде (2016 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 10 және БЕХС 28	«Инвестор мен оған тәуелді ұйым немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы келісімдердегі сауда немесе активтер жарнасы» (түзетулер) (2016 жылдың 1 қаңтары);
ҚЕХС 16	«Жалгерлік» (2019 жылдың 1 қаңтары).

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу

(жалғасы)

2.2 Шоғырландыру**Еншілес ұйымдар**

Компанияның бақылауындағы кәсіпорындар еншілес ұйымдар болып табылады. Егер Компанияның инвестициялар өзгерісіне орай айнымалы қайтарымына құқығы бар болса немесе Компания туекелге ұшырағыш келсе және инвестициялау нысанына қатысты өз құзырына сәйкес аталған қайтарымға ықпал ете алатын болса, онда Компания бақылауды жүзеге асыра алады. Компания бақылауына ие болған сәттен бастап, еншілес ұйымдар шоғырландырылады. Аталған кәсіпорындарды бақылау тоқталған сәттен бастап, шоғырландыру да тоқтайды.

Компаниялар арасындағы ішкі топтық операциялар мен операциялар бойынша бөлінбеген пайда элиминацияға ұшырайды. Бөлінбеген зиян да элиминацияланады, бірақ берілетін активтердің құнсыздану белгісі ретінде қарастырылады. Еншілес ұйымдардың есеп саясаты Компанияның есеп саясатына сәйкес келеді.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялау және бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлесі

Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға салынатын Компанияның инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есептеледі. Қауымдасқан компаниялар дегеніміз оларға Компания елеулі түрде ықпал ететін компаниялар. Елеулі түрде ықпал ету – инвестициялау нысанының операциялық және қаржылық саясатына байланысты шешім қабылдауға қатысуға берілетін өкілеттік, бірақ мұндай саясаттарға қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау жүргізілмейді.

Егер Компания өзге тараптармен бірлесе отырып қызметтерге ортақ бақылау жасайтын болса және тиісті қызмет түрлеріне байланысты шешім қабылдау үшін тараптардың бірауыздан келісілуі талап етілсе, онда Компания бірлесе қызмет ету туралы келісімінің бір тарабы болып саналады. Бірлесе қызмет ету туралы келісім – бұл келісім жасаушы тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне байланысты бірлескен қызмет немесе бірлескен кәсіпорын ретінде қалыптасуы.

Бірлескен операциялардағы өз үлесіне сәйкес Компания төмендегілерді мойындайды: (i) өз активтерін, оған бірлескен активтердегі үлесі де қосылады; (ii) өз міндеттемелерін, оған бірлескен міндеттемелердегі үлесі де қосылады; (iii) бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдерді сатудан түскен өз түсімін; (iv) бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдерді сатудан түскен түсімдегі өз үлесін; және (v) өз шығындарын, оған бірлескен шығындардағы үлесі де қосылады.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Компанияға тиесілі қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардағы таза активтердің үлесін сатып алғаннан кейін пайда болған бастапқы құнына қосылған өзгерістері бойынша есепке алынады.

Бірлескен кәсіпорын – бұл тараптардың бірлескен кәсіпорындардың таза активтеріне құқықтық иелік пен қызметтерді бірлесе отырып бақылауды қамтамасыз ететін бірлескен қызметтің түрі.

Қауымдасқан компанияларға салынатын Компанияның инвестициясына сатып алу кезінде анықталған активтердің ағымдағы құнынан артық сатып алу бағасы қосылады және ол, негізінен, дәлелденген қорлар негізінде

лицензия құнына қосылады. Лицензиялар өндірістік әдісті қолдана отырып, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар дәлелдеп, әзірлеген қорлардың негізінде амортизацияға ұшырайды.

Жалпы табыс туралы шоғырландырылған есепте қауымдасқан әрбір компания мен бірлескен кәсіпорынның қызметі бойынша қаржылық нәтижелер үлесі қоса есептеледі. Егер қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алатын болса және оны капиталдың өзгерісі туралы есепте қолдану мүмкін болса, онда Компания өз үлесіндегі мұндай өзгерісті мойындап, ондай деректі ашып көрсетеді. Компания мен оның қауымдасқан компаниялары арасында туындайтын бөлінбейтін пайда мен зияндар, Компанияның қауымдасқан компаниядағы үлес деңгейіне сәйкес есептен шығарылады.

Қауымдасқан компаниялардың қаржылық есебі Бас компанияның қаржылық есебімен бір мезгілде жасалады. Егер қажет болса, есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында тиісті түзетулер енгізіледі.

Компания үлестік қатысу тәсілін қолданғаннан кейін, Компанияның қауымдасқан компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялары бойынша, құнсызданудан туындайтын қосымша зиянды тану қажеттілігін анықтайды. Компания әрбір есепті мерзімде қауымдасқан компанияларға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануының шынайы себептерін анықтайды. Мұндай жағдайлар белгілі болып жатса, Компания қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорын бойынша ағымдағы құн мен өтелетін құнның айырмасы ретінде құнсыздану сомасын анықтайды, және бұл соманы мойындап, жалпы табыс туралы есебінде көрсетеді.

Егер Компания қауымдасқан компанияға қатысты өзінің елеулі ықпалын жоғалтатын болса, онда қалған инвестицияны әділетті құны бойынша бағалап, мойындайды. Қауымдасқан компанияға елеулі ықпалы жоғалған сәттегі қалған инвестициялардың келіп түскен уақыттағы теңгерім құны мен әділетті құны арасындағы айырма есептен шығару кезіндегі пайда немесе зиян ретінде танылады.

Бұрынғы бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорын еншілес ұйымға немесе қауымдасқан компанияға айнамай, бірлескен бақылау жойылатын болса, Компания қалған инвестицияны әділетті құны бойынша бағалап, мойындайды. Бұрынғы бірлесе бақылауға алынатын кәсіпорынның бірлесе бақылауы жойылған сәттегі қалған инвестициялардың, келіп түскен уақыттағы теңгерім құны мен әділетті құны арасындағы айырма есептен шығару кезіндегі пайда немесе зиян ретінде танылады. Егер Компанияның инвестициялық нысанға қатысты елеулі ықпалы сақталатын болса, онда қалған инвестиция қауымдасқан компанияның инвестициялары ретінде есепке алынады.

2.3 Шетелдік валюталарды қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есеп қазақстандық теңгемен («теңге») әзірленіп ұсынылған. Теңге функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есебінің валютасы болып табылады. Компанияның әрбір еншілес ұйымы, қауымдасқан компаниясы мен бірлескен кәсіпорыны өз валютасын жеке анықтайды және әрбір ұйымның қаржылық есебіне қосылған баптары осы функционалдық валютамен бағаланады. Шетелдік валютамен жүргізілетін операциялар, ең алдымен, сол мерзімдегі функционалдық валютаның бағамы бойынша есепке алынады.

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу (жалғасы)

2.3 Шетелдік валюталарды қайта есептеу (жалғасы)

Шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер сол мерзімде қолданылатын функционалдық валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Бағамдық барлық айырма пайда мен зиянның құрамына қосылады. Шетелдік валютаның әділетті құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар, әділетті құнды анықтау күніндегі қолданыстағы бағамға сәйкес қайта есептеледі.

Шетелдегі қызметтердің активтері мен міндеттемелері есепті уақыттағы теңгенің айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі, ал мұндай компаниялардың жалпы табыс туралы есебіндегі баптары операция жүргізілген күндегі бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеуден пайда болатын бағам айырмасы тікелей басқа да жалпы табыс немесе зиян ретінде танылады. Шетелдік компания есептен шығарылған кезде, тиісті шетелдік компанияға қатысты валютаны қайта есептеу бойынша жиналған резервтік сома, пайда немесе зиян ретінде танылады.

2.4 Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығындары

Барлау лицензияларын сатып алу шығындары

Барлауға берілетін лицензияларды сатып алу бойынша шығындар материалдық емес активтердің құрамында капиталданады және тікелей сызықтық әдіс бойынша жорамалданған бақылау мерзімінің ішінде амортизацияға ұшырайды. Әрбір нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғанын растайтын бақылаудан өткізіледі. Егер нысан бойынша алдағы уақытта жұмыс жүргізу жоспарланбаса, лицензияны сатып алуға жұмсалған соманың қалдығы есептен шығарылады. Экономикалық тұрғыдан негізделген қор көздері табылған жағдайда («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар»), амортизация есептеу тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен қоса біріктіріліп, басқа да материалдық емес активтер құрамындағы қорлар дәлелденгенге дейін, кен орындарының дәлелденген активтері ретінде мойындалады. Ішкі әзірлеу жұмыстары бекітіліп, тиісті бақылаушы органдардан лицензиялар мен барлық рұқсаттарды алғаннан кейін тиісті шығындар негізгі құралдарға көшіріледі (мұнай-газ активтері).

Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығындар, мұндай шығындар жұмсалған сәтте есептен шығарылады. Ұңғымаларды бұрғылау аяқталғанға дейін және бұрғылау нәтижелері бойынша бағалау жүргізілгенге дейін, барлау ұңғымаларының тікелей шығындары материалдық емес активтердің құрамында капиталданады (барлау және бағалау бойынша активтер). Мұндай шығындардың құрамына еңбекақы, материалдар, жанар-жағармай мен электр энергиясына жұмсалған шығындар, бұрғылау станоктарының құны және мердігерлерге төленген төлемдер жатады. Егер көмірсутегі шикізаттары табылмаса, онда барлау шығындары құрғақ ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер басқа ұңғымаларды бұрғылауға қосуға болатын, коммерциялық әзірлеу мүмкіндіктері жеткілікті, бағалауға жататын көмірсутектері табылатын болса (барлау немесе құрылымдық-іздеу ұңғымалары), ондай шығындарды актив ретінде есепке алу жалғасады.

Осы тектес барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқару тұрғысынан жылына кем дегенде бір рет тексеріледі және содан кейін ғана іздестіру жұмыстарын жалғастыру немесе табылған кен орнынан басқаша жолмен пайда табу қажеттігі құпталады. Мұндай жағдай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай және газ қоры бар екені дәлелденсе және әзірлеу жұмыстарын жалғастыру туралы шешім қабылданса, онда тиісті шығындар негізгі құралдардың құрамына көшіріледі (мұнай-газ активтеріне).

Әзірлеу шығындары

Құрылыстар мен құрылғылардың және инфрақұрылым нысандарының, айталық платформалар, құбыр жолдары мен әзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты шығындар негізгі құралдардың құрамына капиталданады, оған коммерциялық тұрғыдан жеткілікті көлемде көмірсутектері табылмаған ұңғымалардың шығындары қосылмайды, олар кезеңдегі құрғақ ұңғымалар шығыны ретінде есептен шығарылады.

2.5 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқы бағасы бойынша көрсетіледі және одан амортизация, сарқылу және құнсыздану құны шегеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе құрылыс бағасынан, активті іске қосуға тікелей мүмкіндік жасайтын шығындардан және қажет болған жағдайда активті жою бойынша бағаланған бастапқы шығындардан құралады. Сатып алу немесе құрылыстың бағасы, активті сатып алу үшін ұсынылған жалпы құн мен кез келген түрдегі сыйақылардың әділетті құнының жиынтығы болып табылады.

Мұнай және газ активтері дәлелденіп әзірленген қорлар бойынша өндірістік әдісті падалана отырып амортизацияланады. Кейбір пайдалы қызмет көрсету мерзімі кен орнын пайдалану қызметінің қалған уақытынан кем мұнай және газ активтері, пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде, яғни 4-10 жылдың арасында тікелей сызықтық тәсіл бойынша амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдардың құрамына ғимараттар, машиналар мен құрал-жабдықтар кіреді, олар орташа қызмет ету мерзіміне сәйкес 24 жылдың ішінде және тиісінше негізгі құралдардың әрбір тобы бойынша 7 жылдың ішінде сызықтық тәсілді қолдана отырып амортизацияланады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет көрсететін жорамалды мерзімі жыл сайын қайта қаралады және қажет болған жағдайда, мерзімін өзгерту бойынша алдағы кезеңдерге түзету енгізіледі.

Егер қандай да бір орын алған жағдайлар мен өзгерістерге байланысты, ағымдағы күн өтімділікті қамтамасыз етпейтін болса, онда негізгі құралдардың ағымдағы бағасын құнсыздандырып, арзандату туралы шешім қабылданады.

Негізгі құралдардың нысандары (олардың ішінде коммерциялық көлемдегі көмірсутектерін өндіруді тоқтатқан және жойылуы жоспарланған өнім өндіру ұңғымалары да бар) есептен шығарылатын активтер ретінде есепке алынады, себебі ондай активтерді келешекте пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Актив тоқтатылған деп танылғаннан кейінгі кез келген табыс немесе зиян (нысанның ағымдағы құны мен сатудан түскен таза түсім арасындағы айырма ретінде есептеледі), осы оқиға орын алған кезеңдегі жалпы табыс туралы есепке қосылады.

2.6 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Орын алған оқиғалар немесе өзгерістер активтің ағымдағы құнының өтімділігін қамтамасыз ете алмайтынын анықтаған кезде, Компания активтерге немесе активтердің тобына құнсыздандыру жүргізетін бағалауды іске асырады. Бағалау үшін құнсыздандырудың ең төменгі деңгейі бойынша жекелеген активтер топталады, оларға қатысты сәйкестендірілген ақша ағыны белгіленеді және олар активтердің басқа да топтарымен қоса жаңартуға ұшырайды.

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу

(жалғасы)

2.6 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

(жалғасы)

Егер осындай көрсеткіштер белгілі болса немесе актив топтарын жыл сайын құнсыздандыру талап етілсе, Компания активтің өтімді құнын бағалауды іске асырады. Активтер тобының өтімді құны ең әділ құннан оның сату шығындары мен пайдалану құнын шегеру арқылы анықталады. Егер активтер тобының ағымдағы құны өтімді құнынан артық болса, онда активтер тобына арзандату жүргізіледі және өтімді құнына дейінгі сома есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде, күтілетін ақша ағынының тәуекеліне түзету енгізіледі, ол активтер тобына тән және салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнға дисконттау жүргізу арқылы іске асырылады және ақшалай құнының ағымдағы уақытша нарықтық бағасын көрсетеді.

Әрбір есепті кезеңде бұрын танылған, құнсызданудан келген зиянның қандай да бір индикаторының сақталғанына қатысты бағалау жүргізіледі және оның сақталмағаны немесе азайғаны анықталады. Егер ондай индикаторлар сақталған болса, онда өтімді құнға бағалау жүргізіледі. Егер соңғы рет активтің өтімді құнын анықтау кезінде танылған зиянды бағалау үрдістерінде өзгерістер орын алса, онда құнсыздандыру бойынша бұрын танылған зиянға сторно жасалады. Ондай уақытта активтің ағымдағы құны оның өтімді құнына дейін көбейтіледі. Егер алдыңғы кезеңде құнсыздану салдарынан келген зиян танылмаған болса, онда көбейтілген құн тозу немесе амортизация шығынын шегеру арқылы анықталған ағымдық құннан артық болмайды. Ондай сторно пайда немесе зиян деп танылады.

Сторнолау проводкасы жүргізілгеннен кейін, пайдалы қызмет етудің қалған мерзімінде, қайта қаралған, қалдық құны шегерілген активтің ағымдағы құнын келесі кезеңдерде амортизация бойынша үздіксіз түрде тарату үшін шығындарға түзетулер енгізіледі.

2.7 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің құны жинақталған амортизация мен құнсызданудан жиналған зиянды шегеруден кейінгі бағасымен есепке алынады. Материалдық емес активтерге барлау мен бағалаудың капиталданған шығындары және басқа да материалдық емес активтер кіреді, сондай-ақ, негізінен, компьютерлік қамтамасыз ету бағдарламаларынан құралады. Бизнесмен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы кездегі сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құн – бұл активті сатып алу үшін ұсынылған кез келген сыйақының әділетті құны мен төленген соманың жиынтығы. Компьютерлік қамтамасыз ету бағдарламаларының қызмет ету мерзімі 3-7 жылды құрайды және осы кезеңде сызықтық әдіс негізінде амортизацияланады.

Егер оқиғалар немесе жағдайдың өзгеруі ағымдағы құнның өтімділігін қамтамасыз етпейтін болса, материалдық емес активтердің ағымдағы бағасының құнсыздануына байланысты сараптама жүргізіледі.

2.8 Қаржылық активтер

БЕХС 39 аясында қаржылық активтер пайда немесе зиян арқылы қаржылық активтер ретінде әділетті құн бойынша жіктеледі, өтелгенге дейін ұсталатын активтер, сатуға арналған қаржылық активтер, қарыздар, саудалық және басқа да дебиторлық берешектер олардың мақсатына қарай жіктеледі. Бастапқы кезде танылған қаржылық активтер әділетті құн бойынша бағаланады. Егер инвестициялар пайда немесе зиян арқылы қаржылық актив ретінде әділетті бағамен жіктелмейтін болса, онда есепте көрсету кезінде олардың әділетті құнына мәміле жасау кезіндегі тікелей жұмсалған шығындар қосылады.

Компания өзінің қаржылық активтерін бастапқы кезде тану барысында жіктеу жүргізіп анықтайды және рұқсат етілсе әрі лайықты болса, аталған жіктеуді әрбір қаржылық жылдың соңында қайта қарастырады.

Қаржылық активтерді стандарттық түрде сатып алу мен сату, мәміленің орындалған уақытына сәйкес танылады, яғни Компанияның активтерді сатып алу немесе сату туралы міндеттемелерді қабылдаған күні. Стандарттық түрде сатып алу немесе сату – бұл нарықта қабылданған, әдетте нормативтік актілер немесе ережелер бойынша бекітілген уақытта активтерді тіркеуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату.

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар

Егер Компания өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниетті және қабілетті болса, онда белгіленген немесе анықталған төлемдері мен өтеу мерзімі белгіленген, өтелгенге дейін ұсталып тұратын туынды емес қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы кезде танылғаннан кейін, тиімді қаржылық мәміле әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша бағаланады.

Саудалық және өзге де дебиторлық берешектер

Саудалық және өзге де дебиторлық берешек активтері нарықта жоғары бағаланбайды және белгіленген немесе анықталған төлемдері мен өтеу мерзімі белгіленген туынды емес қаржылық активтер болып саналады. Саудалық және қаржылық берешектер бастапқы кезде танылғаннан кейін, тиімді қаржылық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша есепке алынады да, кез келген құнсыздану резервінен шегеріледі.

Сатуға арналған қаржылық инвестициялар

Сатуға арналған қаржылық активтер – бұл туынды емес қаржылық активтер, аталған санатқа арнайы жатқызылған немесе бірде-бір басқа санатқа жатқызылмаған. Сатуға арналған қаржылық активтерді бастапқы кезде танылғаннан кейін әділетті құн бойынша бағалайды, ал бөлінбеген пайданы немесе шығынды инвестицияларды танығанға дейінгі немесе құнсыздануын анықтағанға дейінгі жалпы табыстың өзге де кірісі немесе зияны ретінде есепке алады. Осы сәттен бастап жинақталған резерв пайда немесе зиян болып танылады.

Әділетті құнды бағалау

Әділетті құн дегеніміз, қалыптасқан тәртіп бойынша нарыққа қатысушылар арасында бағалау уақытында жасалатын мәмілелер аясында, сатылған актив үшін алынатын баға немесе мәміле аясында берілетін міндеттемелер үшін жасалатын төлем. Активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша мәмілеге сәйкес, әділетті құнды бағалау:

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу (жалғасы)

2.8 Қаржылық активтер (жалғасы)

• аталған актив немесе міндеттемелер үшін негізгі нарықта;

• немесе, негізгі нарық болмаған жағдайда, аталған актив немесе міндеттемелер үшін ең қолайлы нарықта жүзеге асырылады.

Компанияның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қатысуға мүмкіндігі болуға тиіс. Активтің немесе міндеттемелердің әділетті құны, актив немесе міндеттемелердің бағасын анықтауда нарық қатысушылары пайдаланатын жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады және осыған орай нарық қатысушылары өз мүдделері үшін әрекет етеді деп есептеледі.

Қаржылық емес активтің әділетті құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда табу мүмкіндігін жаңартуды ескереді, ол үшін активті ең қолайлы түрде пайдалануды және оны басқа да нарық қатысушысына сату арқылы аса тиімді нәтижеге қол жеткізуді көздейді, сондай-ақ аталған актив ең тиімді жолмен жоғарғы деңгейде пайдаланылады деп саналады.

Компания қалыптасқан жағдайға байланысты қолайлы болып саналатын, әрі қолжетімді бағалау әдісін пайдаланады және ол үшін әділетті құнды бағалауға қажетті деректер де қолжетімді болуы тиіс. Осы мақсатта бақылауға ыңғайлы бастапқы мәліметтерді мейлінше толық пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді мейлінше сирек қолданады.

Қаржылық есеп бойынша бағаланатын немесе жарияланатын барлық активтер мен міндеттемелердің әділетті құны, ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтердің негізінде әділетті құн көздерінің жіктелу аясында төменде көрсетіледі және олар әділетті құнды тұтастай бағалау үшін елеулі болып саналады:

- 1-деңгей – Осы тектес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарықтық бағамы (ешқандай түзетулерсіз);
- 2-деңгей – Ең төменгі деңгейге жататын, нарықта тікелей немесе жанама түрде бақылауға алынатын, әділетті құнды бағалау үшін бастапқы деректер елеулі болып табылатын бағалау тәсілі;
- 3-деңгей – Ең төменгі деңгейге жататын, әділетті құнды бағалау үшін бастапқы деректер елеулі болып табылатын бағалау тәсілі, нарықта бақылауға алынбайтын болып саналады

Қаржылық есеп бойынша әрбір есепті кезеңді негізге ала отырып танылатын активтер мен міндеттемелер бойынша, Компания олардың иерархиялық көздер деңгейіне сәйкес көшіру қажеттігін анықтайды, ол үшін әрбір есепті кезеңнің соңында сараптама жүргізе отырып қайтадан жіктейді (ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде, олар әділетті құнды толық бағалау үшін елеулі болып табылады).

Әділетті құн туралы ақпаратты жариялау мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипаттары мен тәуекелдеріне тән, сипаттық негізде, сонымен қатар, жоғарыда атап көрсетілгендей, әділетті құн көздерінің иерархиялық деңгейіне сәйкес қолданады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңде Компания қаржылық активтердің немесе қаржылық активтер топтарының құнсыздануы орын алғанын не орын алмағанын анықтайды.

Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын активтер

Егер амортизациялық құн бойынша есепке алынатын активтерден зиян пайда болуы туралы шынайы себеп туындайтын болса, онда зиян сомасы активтің баланстық құны мен болашақта күтілетін ақша ағынының қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді мөлшерлемесінің сыйақысына сәйкес ағымдағы құнның (әлі пайда болмаған болашақ кредиттік жоғалулардан басқасы) арасындағы айырма ретінде бағаланады (яғни, бастапқы танылу кезінде есептелген тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша). Активтің ағымдағы құны резервтік соманы пайдалану арқылы азайтылады. Зиян сомасы пайда немесе зиян ретінде танылады.

Егер алдағы кезеңдерде құнсызданудан туындайтын зиян сомасы азайып, мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алып, активті қайта қалпына келтіру күніндегі оның амортизацияланған ағымдағы құнынан артпайтын болса, шынайы жағдайларға байланысты құнсызданудан бұрын танылған зиян сомасы сол мөлшерде сторнланады. Одан кейінгі кез келген сторнолауға ұшыраған құнсызданудың зиян сомасы пайда немесе зиян ретінде танылады.

Саудалық дебиторлық берешектер бойынша, Компанияның бастапқы шот-фактуралардың шарттарына сәйкес өзіне тиесілі барлық соманы қайтарып алмауына себеп болатын шынайы жағдай бар болса (мысалы, дебитордың қаржылық жағдайының нашарлауы немесе төлемсіздік қабілетінің пайда болу мүмкіндігі), құнсыздану сомасының резерві жасалады. Дебиторлық берешектердің ағымдағы құны резерв шоттарын пайдалану арқылы азайтылады. Егер үмітсіз деп саналатын болса, онда құнсызданған берешектерді мойындау тоқтатылады.

Сатуға арналған қолдағы қаржылық инвестициялар

Егер сатуға арналған активтердің құнсыздануы орын алатын болса, онда оларды сатып алуға жұмсалған шығындар (төленген негізгі сома және амортизация шегерілген) мен олардың ағымдағы құнның оған дейін пайда немесе зиян деп танылған, құнсызданудан келген зиянды шегергеннен кейінгі айырмасы, капиталдан пайда және зиянға көшіріледі. Қатысу құралы бойынша құнсызданған, сату үшін деп танылып, жіктеліп, бұрын танылып сторно жасалған зиян сомасы, пайда және зиян ретінде танылмайды. Егер құралдың әділетті құнның қымбаттауы құнсыздануға себеп болған объективті жағдайлармен байланысты болса, онда қатысу құралы бойынша құнсызданған зиянға сторно жасау пайда немесе зиян арқылы іске асырылмайды.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе, қаржылық активтің бір бөлігі немесе бір тектес қаржылық активтер тобының бір бөлігін) мойындау тоқтатылады, егер:

- активтен алынатын қаржылық ағынды алу құқығының мерзімі аяқталса;
- Компания активтен қаржылық ағын алу құқығын өзінде сақтап қалса, бірақ оларды қайта бөлу туралы жасалған келісімге сәйкес, еш кедергісіз үшінші тарапқа толық беру туралы міндеттеме қабылдаған болса; немесе

Қаржылық есеп**Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер****(жалғасы)****2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу****(жалғасы)****2.8 Қаржылық активтер (жалғасы)**

• Компания активтен қаржылық ағын алу туралы өз құқықтарын басқаға берген болса және немесе (а) активтен келетін барлық сыйақыларды және елеулі тәуекелдерді басқаға берген болса, болмаса (ә) бермесе, бірақ активтен келетін барлық сыйақылар мен елеулі тәуекелдерді өзінде сақтап қалып, алайда аталған активтерді бақылау құқығын басқаға берген болса.

2.9 Тауарлы-материалдық қорлар

Тауарлы-материалдық қорларды есепке алуға екі тәсілдің бірі қолданылады: өзіндік күн бойынша FIFO тәсілі және таза сату құны туралы тәсіл. Құнның құрамына қалыпты жағдайда, әрбір затты тасымалдауға және оны ағымдағы жағдайға келтіру үшін жұмсалған барлық шығындар қосылады. Шикі мұнайдың құны оны өндірудің өзіндік құнынан, оған тиесілі тозу, сарқылу мен амортизациялау шығындарынан және өндірістің орташа көлемінің негізінде есептеп шығарылған жүкқұжаттарының шығындарынан құралады. Мұнайдың таза сатылу құны ұсынылған бағаға негізделеді және одан сатуға жұмсалған шығындар шегеріліп тасталады. Материалдар мен қорлардың құны қалыпты қызмет ету барысында өтелетін сомдан аспайтын мөлшерде есепке алынады.

2.10 Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары сату және сатып алу бойынша нетто негізінде ҚҚС есептеуге мүмкіндік береді. Өтелетін ҚҚС ішкі нарықтағы сатып алу бойынша есептелген ҚҚС болып табылады, одан ішкі нарықта сату бойынша есепке алынған ҚҚС шегеріледі. Экспортқа сату нәтижесінде мөлшерлеме бойынша есепке алынады.

Егер ақшаның уақытша құнының тиімділігі елеулі болса, өтелетін ұзақ мерзімдік ҚҚС, аталған активке тән, тиісті жағдайларға сәйкес, тәуекелсіз мөлшерлеменің көмегімен көрсету арқылы дисконтталады.

2.11 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттеріне кассадағы қолма-қол ақша, банк салымдарындағы қаржылар, басқа да қысқа мерзімдік, өтімділігі жоғары, әуелгі өтелу мерзімі үш айдан аспайтын инвестициялар жатады.

2.12 Жарғылық капитал**Жарғылық капитал**

Қарапайым акциялар мен өтелмейтін артықшылық акциялары, эмитенттің қалауы бойынша төленетін дивидендтер, капитал түрінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты, үшінші тараптың қызметіне жұмсалған шығындар, аталған эмиссияның нәтижесі бойынша капитал сомасын кеміту ретінде көрсетіледі.

Сатып алынған өз акциялары

Егер Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алатын болса, онда олардың сатып алу құны мәміле жасауға жұмсалған тиісті шығындармен қоса, табыс салығы шегеріле отырылып, жойылғанға дейінгі немесе қайта шығарылғанға дейінгі сатып алынған өз акциялары ретінде капиталдан шегеріледі. Компанияның қаржылық құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою кезінде алынған қандай да бір пайдасы немесе зияны жалпы табыс туралы шоғырландырылған есепте көрестілмейді. Одан кейін сатылған немесе ондай акцияларды қайта шығару кезінде алынған сома капиталдың құрамына қосылады. Сатып алынған өз акциялары олардың орташа құнына сәйкес есепке алынады.

Дивидендтер

Дивидендтер егер есеп беру күнін қоса алғанға дейін жарияланғана болса ғана, есеп беру кезеңіндегі капитал сомасынан шегеріледі және міндеттемелер түрінде танылады. Егер есеп беру кезеңіне дейін ұсынылса, сонымен қатар, есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржылық есеп бекітілгенге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, онда дивидендтер туралы ақпарат есеп беру аясында ашып көрсетіледі.

Акцияларға негізделген төлемдер бойынша операциялар

Компанияның қызметкерлері (оған басшылық та қосылады) сыйақыларын акцияларға негізделген төлем формасында алады. Қызметкерлер көрсеткен қызметтеріне үлестік құралдар әдісі бойынша сыйақы алады (үлестік құралдар арқылы іске асырылатын мәмілелер).

Егер үлестік құралдарды қолдану іске асырылып және үлестік құралдар бойынша компанияның көрсеткен кейбір қызметтеріне алған сыйақылары сәйкестендірілмейтін болса, сәйкестендірілмейтін тауарлар немесе қызметтер бойынша алынған (немесе алуға жатағын) деректер, мәміленің әділеттік құны мен акцияларға негізделген төлемдердің айырмасы және сыйақылар ұсынылған күнгі алынған сәйкестендірілген тауарлар немесе қызметтердің әділеттік құны бойынша бағаланады. Одан әрі аталған сома тиісінше капиталданады немесе шығындарға жатқызылады.

Қызметкерлердің 2007 жылдың 1 шілдесіне дейін немесе одан кейін ұсынылған үлестік құралдар бойынша есептелетін мәмілелерінің құнына қатысты сыйақылар, ондай құралдарды ұсынған кездегі әділеттік құнына сәйкес бағаланады. Әділеттік құн Блэк – Шоулз – Мертоның баға түзу туралы опциондық әдісін қолдану арқылы анықталады.

Шарттары белгіленген мерзімге сәйкес орындалатын, үлестік құралдарға негізделген мәмілелердің шығындары, сол мерзімге сәйкес бір мезетте капиталды тиісті мөлшерде арттыру арқылы танылады. Аталған мәмілелер бойынша жиынтық шығындар әрбір есепті кезеңде өткен кезеңге пропорционалды түрде міндеттемелерді өтегенге дейін, Компанияның сыйақы ретінде берілуге тиісті үлестік құралдарының санына қатысты ең үздік бағалауға негізделеді.

Кезең бойынша жиынтық табыс туралы есептегі шығыс немесе кіріс кезең басында және кезең соңында танылған сомалық шығындардың өзгерісі болып танылады. Қызметкерлерге міндетті түрде ауыспайтын құқық бойынша үлестік құралдардың сыйақылары шығын ретінде танылмайды.

Егер үлестік құралдар бойынша төленетін сыйақылар жойылатын болса, онда оны жойылған уақыттағы оған ауыстырылған құқық ретінде есепке алатын болады. Ондай кезде сыйақыларға қатысты әлі танылмаған барлық шығындар дереу танылады. Егер компания немесе қызметкер шарттарға ықпал ете алатын болса, бұл шарттар орындалмаған, тиісті құқықтарды қамтамасыз етпейтін сыйақыларға да қатысты болып саналады. Үлестік құралдарға сәйкес іске асырылатын барлық мәмілелер бойынша сыйақылар жойылатын болса, онда олар есепке бірдей алынады. Егер сыйақыларды жою құқықтан айыру арқылы іске асырылса, онда бұрын танылған кез келген шығын капитал арқылы сторноланады.

Орындалмаған опциондардың молайтушылық тиімділігі, акция пайдасының көрсеткішін есептеу кезінде акцияларды қосымша көбейту ретінде көрсетіледі.

2. Есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолу (жалғасы)

2.13 Саудалық кредиторлық берешектер

Саудалық кредиторлық берешектер әу баста әділетті құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизациялық күн бойынша бағаланады.

2.14 Резервтер

Егер өткен оқиғаларға байланысты, экономикалық пайданың жылыстауынан туындайтын Компанияның ағымдағы міндеттемелері бар болса, онда мұндай міндеттемелерді өтеуге қажетті резервтер жасалады және оның мөлшері мұндай міндеттемелерді өтей алатын көлемде бағаланған сенімді соманы құрауы тиіс. Егер Компания кейбір бөлімді өтейтін немесе барлық резервтерді ала алатын болса, мысалға, сақтандыру келісімшарты бойынша, онда өтелген сома жеке актив ретінде танылады, алайда өтелетін соманы алу мүмкіндігі күдік тудырмауы тиіс. Резервке жатқызылатын шығын, жиынтық табыс туралы есепте өтелу сомасын шегере отырып көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнына әсер ететін ықпал деңгейі елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, ол тиісті міндеттемелерге тән оларды қолдану мүмкіндігі мен тәуекелдерді білдіреді. Егер дисконттау қолданылатын болса, онда уақыт өте келе резервтің көбейтілуі қаржыландыруға жұмсалған шығын есебінде танылады.

2.15 Қарыздар

Қарыздар бастапқы кезде мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, әділетті күн бойынша мойындалады. Келесі кезеңдерде қарыздар амортизациялық күн бойынша көрсетіледі; алынған қаржының әділеттік құны (мәміле бойынша шығындар шегерілген) мен өтелетін соманың айырмасы, тиімді қаржылық мөлшерлеме әдісін қолдану бойынша берілген қарыз мерзімінің ішінде шоғырландырылған жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі. Егер Компанияның есепті мерзімнен кейін кем дегенде 12 айдың ішінде төлемді кейінге қалдыру туралы заңды мәртебесі болмаса, онда қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеліп танылады. Сатып алуға, құрылысқа немесе жіктелетін активті өндіруге тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар капиталдандыруға ұшырайды.

2.16 Қызметкерлердің сыйақысы

Компания қызметкерлердің есептелген еңбекақысының 10%-ын тиісті зейнетақы қорына аудару үшін ұстап қалады. Зейнетақы аударудың мөлшер сомасы 2015 жылы айына 160.23 теңгемен шектелді (2014 жылы: айына 149.745 теңге). Қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметкерлер өздерін зейнетақымен қамтамасыз ету үшін жауапты болып саналады. Сонымен қатар, 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компания да өз қызметкерлерінің зейнетақы қорына қосымша кәсіби зейнетақы салымдарын аударып отыруға міндетті, оның мөлшері қызметкерлер табысының 5%-ын құрайды.

2.17 Түсімді тану

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, кірепұлға, сақтандыруға және сапа жеңілдіктеріне сай түзету енгізілген Platt's бағамына сәйкес анықталған бағамен сатады. Меншік құқығы және алынған табыс шикі мұнайдың табиғи көлемі кеме бортына ауысқаннан кейін немесе кемедең түсірілгеннен кейін, болмаса тасымалдау құбырына келіп түскеннен кейін немесе келісімнің шарттарына сәйкес келісілген басқа да жеткізу тетіктеріне сай іске асырылады.

Компанияның келісімшарттарында белгіленген мерзімнің ішінде жеткізілуге тиісті шикі мұнайдың мөлшері мейлінше көп көлемде көрсетіледі. Тиіп жіберілген, бірақ сатып алушыға келіп жетпеген шикі мұнай, қаржылық жағдай туралы есепте тауарлы-материалдық қорлар түрінде есепке алынады.

2.18 Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойыншы шығандарға ағымдағы кезеңдегі табыс салығы, артық пайдаға салынатын салық пен кейінге қалдырылған табыс салығы кіреді.

Пайдаға салынатын ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, салық органдары анықтайтын өтелетін немесе төленетін сома бойынша бағаланады. Аталған соманы есептеу үшін қолданылатын мөлшерлемелер, Компания жұмыс істейтін және табыс салығынан кіріс алатын елдердің заңнамасына сәйкес, есепті мерзімде қабылданған және қолданысқа түскен тәртіпке сай есептелеіп шығарылады.

Артық пайда салығы («АПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығындардың бір бөлігі болып табылады. 2009 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген, қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес, Компания әрбір жер қойнауын пайдалану келісімшартына қатысты, жер қойнауын пайдаланудың жекелеген әр келісімшарты бойынша жыл сайын жиынтық жылдық табыстың шегерілімін негізге ала отырып, айнымалы мөлшерлемелер бойынша АПС есептейді және төлейді. АПС қолдануға себепші болатын, әрбір салық жылындағы жиынтық жылдық табыстың шегерілу қатынасы 1,25:1. АПС мөлшерлемелері салық салынатын табыстың бір бөлігіне қолданылады (Корпоративтік табыс салығын шегергеннен кейінгі салық салынатын табыс және рұқсат етілген түзетулер) және жер қойнауын пайдалану туралы әр келісімшартқа қатысты шегерілімдер 25%-дан асады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер, барлық есептік кезеңдерге байланысты, міндеттемелердің баланстық тәсілін қолдана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар барлық есептік кезеңдерде активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың қаржылық есептегі баланстық сомасының айырмасы ретінде анықталады. Оған бастапқы кезеңде компаниямен біріктірілмеген, іске асырылу кезінде бухгалтерлік табысқа немесе салықтық табыс пен зиянға ықпал етпейтін, мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемелерді танудың нәтижесінде пайда болған, кейінге қалдырылған салық кірмейді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша салық салынатын пайданың туындау мүмкіндігі жоғары болса және уақыт аралығындағы соманың шегерілуі ықтимал болған кезде ғана, актив сол деңгейде мойындалатын болады. Кейінге қалдырылған салық активтерді сату немесе міндеттемелерді өтеу кезеңдерінде, есепті мерзімде күшіне енгізілген немесе нақты түрде заңдастырылған салық мөлшерлемелері бойынша есептелеіп шығарылады.

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларға байланысты кейінге қалдырылған табыс салығы барлық есептік кезең бойынша танылады, оған тек уақыт айырмасының азаю мерзімін бақылау мүмкін болмайтын, уақыт айырмасы алдағы кезеңдерде азаймау мүмкіндігі жоғары жағдайлар ғана кірмейді.

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

3. Елеулі ақшалай емес операциялар

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойында, Компания ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебінен, төлем көзінен төленетін есепке алынатын табыс салығына қатысты ақшалай емес мәмілелерді алып тастады, қаржылай активтер бойынша сыйақылар есебінен алынатын сома 1.830 теңге (2014 жылы: 1.773 миллион теңге, ал қауымдасқан компаниялардан дивиденд есебіне есептеу болған жоқ (2014 жылы: 1.49 миллион теңге).

4. Елеулі есептік бағалаулар мен пайымдамалар

Шоғырландырылған қаржылық есепті ҚЕХС бойынша әзірлеу Компания басшылығынан есеп-қисапта көрсетілетін активтерге, міндеттемелерге және шартты активтер мен міндеттемелерге шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау барысында, сонымен қатар, есепті кезеңде есеп-қисапта көрсетілген активтерге міндеттемелерге, табыстарға, шығыстарға және шартты активтер мен міндеттемелерге бағалау жүргізуді талап етеді. Олардың арасындағы ең маңызды бағалаулар төменде көрсетілген:

Мұнай және газ қоры

Компанияның тозу, сарқылу және амортизацияны есептеу көрсеткіштерінде мұнай және газ қорлары маңызды фактор болып табылады. Компания мұнай мен газ бойынша өз қорларын Мұнай және газ инженерлері қоғамының әдісіне сәйкес есептейді. Мұнай және газ инженерлері қоғамының әдісі бойынша қорларды бағалау кезінде, Компания ұзақ мерзімдік жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды қолдану, жыл соңындағы спот бағасын пайдалануға тән тұрақсыздық әсерін жоюға ықпал етеді.

Басшылықтың өнім өндіруді жоспарлау мен сату және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін пайдаланатын ұзақ мерзімдік жоспарлы бағалары, өнім өндіру жөніндегі қызметтерінің ұзақ мерзімдік сипатына толық сәйкес келеді және мұнай мен газ қорларын бағалау үшін ұсынылатын ең қолайлы негіз болып саналады.

Қорларды бағалаудың барлық жолдары қандай да бір тұрлаусыздық деңгейін есепке алады. Тұрлаусыздық деңгейі, негізінен, геологиялық және инженерлік мәліметтердің сенімділігіне, мұндай мәліметтерді түсіндіру және бағалау сәтіндегі қолжетімділікке тәуелді.

Тұрлаусыздықтың салыстырмалы деңгейі қорларды дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар деп аталатын екі негізгі санаттың біріне жатқызу арқылы анықталады. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды өндірудің тиімділік деңгейі жоғары және дәлелденген қорлар одан әрі: әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінеді де, оларды өндіру мүмкіндіктеріне қатысты тұрлаусыздықтың үдемелі түрде өсуін белгілеу үшін пайдаланады.

Бағаларға жыл сайын сараптама жасалып, түзетулер енгізіледі. Түзетулер қолда бар геологиялық деректерді, кәсіптік көрсеткіштерді немесе өндіру туралы мәліметтерді бағалаудың немесе қайта бағалаудың; жаңа мәліметтердің болуының; немесе бағалар өзгерісінің салдарынан пайда болады. Сонымен қатар, қорларды бағалау қабаттардың еңбек өнімділігін арттыруға немесе әзірлеу жұмыстарының стратегиясын өзгертуге байланысты да қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірлеу қорлары амортизация мөлшерлемесін атқарылған жұмыс көлеміне пропорционалды түрде есептеу үшін, яғни тозу, сарқылу және амортизациялау көрсеткіштері үшін қолданылады. Компания дәлелденген қорлардың құрамына бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін, өндірілуі мүмкін көлемдерді гана

қосады. Бұл лицензия мерзімін ұзартуға қатысты тұрлаусыздықпен тікелей байланысты, себебі, түптеп келгенде лицензиялардың мерзімін өзгерту тек қана Үкіметтің рұқсаты арқылы іске асырылады. Компанияға берілген лицензия мерзімін ұзарту және қорларды белгіленген тиісті мөлшерде көбейту, әдетте, тозу, сарқылу және амортизациялау бойынша шығындарды мейлінше азайтуға әкеліп соқтырады және табыс көлеміне елеулі түрде ықпал ете алады. Дәлелденіп, әзірленген қорлар көлемінің төмендеуі, тозуға, сарқылуға және амортизациялауға жұмсалатын шығындарды арттыруға әкеп соқтырады (егер өндіру деңгейі тұрақты болса) және табыс көлемі азаяды, сонымен қатар, мүліктердің теңгерімдік құнының тікелей кемуіне әкеп соқтыруы ықтимал.

Іске қосылған кен орындарының саны салыстырмалы түрде аз болса, алдыңғы жылмен салыстыру бойынша қорларды бағалау өзгерістерінің кез келген мүмкіндіктері бар және олар тозу, сарқылу мен амортизациялаудың аударымдарына елеулі түрде ықпал етуі мүмкін.

Мұнай және газ активтерінің өтімділігі

Егер орын алған оқиғалар мен жағдайлар активтің теңгерімдік құнының өтелмеуін немесе бұрын мойындалған құнсыздану жойылғанын не азайғанын көрсететін болса, Компания ақша қаражатын жаңартатын («жаңартылатын бірлік») активті немесе активтер тобын құнсыздандыру не бұрын мойындалған құнсыздануды қалпына келтіру мақсатында қайта бағалайды. Егер мұндай индикатордың бар екені белгілі болса, өтелетін құнға байыпты түрде бағалау жүргізіледі, ол әділетті құнның ең жоғарғы мәнінен сату және қолданылған құнның шығындарын шегеру арқылы анықталады. Мұндай есептеулерді жүргізу кезінде, тұрлаусыздық пен тәуекелге толы мұнайдың ұзақ мерзімдік бағаларын, дисконттық мөлшерлемелерін, келешектегі капиталға деген қажеттілікті, операциялық шығындарды (өнім өндіру мен сату көлемін қоса) бағалау талап етіледі. Активтің теңгерімдік немесе жаңартылған құны оның өтімділік құнынан жоғары болса, онда актив немесе жаңартылған бірлік құнсызданған болып саналады және ол өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Өтелетін құнды бағалау кезінде болашақ ақша ағындары активтер тобына/жаңартылған бірліктерге олардың ағымдағы құнын дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы арнайы тәуекелдерге орай түзетулер енгізіледі, ол аталған активке тән тәуекелдер мен ақшаның ағымдағы нарықтық уақытша құнын бағалауды көрсетеді. Сатуға жұмсалаған шығынды шегергеннен кейінгі әділетті құн, нарық қатысушылары арасындағы қарапайым мәміле аясында сату кезінде алынатын құн түрінде анықталады және ұйым үшін ерекше болып саналатын және ұйымға толықтай әсер етпейтін факторлардың ықпалын көрсетеді.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, 2015 жыл бойында және 2016 жылдың басында шикі мұнайдың бағасының төмендеуіне орай және дисконтталған ақшалай ағын үлгісіндегі жорамалдардағы елеулі өзгерістерге қатысты Компания «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өтелетін құнына кешендік бағалау жүргізді. Аталған бағалау нәтижесінде шамадағы өтелетін құн активтердің теңгерімдік құнынан асып түсті. Дисконтталған ақшалай ағын үлгісіндегі жорамалдарда қолданылған төмендегідей елеулі өзгерістер, түпкілікті нәтижеге жағымды түрде елеулі әсер етті:

- Жер қойнауын игеру лицензияларын ұзарту (24-Ескерту);
- теңгенің құнсыздануы (2-Ескерту);
- капиталдық шығындарды жоспарлы түрде азайту.

Brent мұнайы мен АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының ескерілген жорамалы тәуелсіз зерттеу ұйымдардың болжамдарына негізделді. Өнім өндірудің жорамалды ауқымы жер қойнауын пайдалану келісімшартын ұзартуға берілген өтінімде қолданылған өнім өндіру жоспарына негізделді. Дисконттау мөлшерлемесі 10.25% мөлшеріндегі капиталдың өлшенген орташа құнына тең. Аталған жорамалдарды 5%-ға төмендету не ұлғайту «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мұнай-газ активтерінің ағымдағы құнының өтелетін құнынан артып түсуіне әкелмейді.

Компания басшылығының өтелетін күн жөніндегі пайымдамасының нәтижесін мақұлдау үшін, «Өзенмұнайгаз» АҚ активтеріне тәуелсіз бағалау жүргізді. Оның сыртында, Компания осы тұрғыдағы өзге де компаниялардың активтеріне берілген бағаларға салыстырмалы шолу жасады. Дисконтталған ақшалай ағын үлгісіндегі сезімталдық пен бағалау әдістерінің сараптамасы нәтижесіндегі айырмашылық айтарлықтай болуы себепті, Компания 2015 жылдың 31 желтоқсанына сай бұрын мойындалған құнсыздану қайта қалыпқа келтірілмейді деп анықтады. Сезімталдық сараптамасындағы негізгі жорамал болып: мұнай бағасы, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы, Қазақстан Республикасындағы инфляция деңгейі, Компанияның операциялық және капиталдық шығындарын бақылау қабілеті мен ағымдағы нарықтық капиталдандыру табылады.

Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелер

Заңнама мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, келісімшарттардың тиісті талаптары бойынша, Компания әрбір кен орнындағы жер учаскелерін қалпына келтіруге және негізгі құралдарды жою мен бөлшектеу жұмыстарын аяғына дейін жүргізуге заңды түрде міндетті. Мысалға, мұндай міндеттемелерге Компанияның өнім бермейтін барлық ұңғымаларды біртіндеп жабуға және жұмысын толық тоқтатуға қатысты, құбырларды, гимараттарды бөлшектеу және келісімшарт бойынша берілген аумақтағы топырақ құнарлығын қалпына келтіру сияқты жұмыстар кіреді. Лицензиялардың мерзімі Компанияның қалауына сәйкес ұзартылмайтынын ескерсек, әрбір лицензиялық кезеңнің толықтай аяқталу мерзімі, міндеттемелердің есепті мерзімде өтелуімен сәйкес келетінін есте сақтау керек.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын пайдаланудың экономикалық тұрғыдан негізделген мерзімі аяқталуына сәйкес өтелуге тиісті болатынын ескерсек, онда міндеттемелерге ұңғымаларды жою мен кен орындарын жабу жөніндегі соңғы шығындар қосылатындықтан, есепте көрсетілетін міндеттемелер көлемі едәуір ұлғаймақ. Компанияның ұңғымаларды жою мен жабуға қатысты қаржыландыру шығындары тиісті келісімшарттардың талаптары мен қолданыстағы заңнамаға тәуелді. Егер келісімшарт немесе заңнама бойынша лицензияның мерзімі аяқталуға байланысты толық жоюға және толықтай жабуға байланысты қаржыландыру шығындары қарастырылмаған болса, мұндай жағдайлар міндеттемелерге кірмейді. Мұндай шешімдерді қабылдау қажеттігі кейбір тұрлаусыздық пен елеулі пайымдамаларға қатысты туындайды. Мұндай міндеттемелердің бар немесе жоқ болуына қатысты басшылықтың бағалауы, саясат пен Үкімет практикасындағы немесе жергілікті салалық жұмыстардағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелерін Компания әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептеп шығарады.

Міндеттемелердің сомасы міндеттемелерді өтеу үшін қажет болып саналатын, бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады, ол экономикасы өтпелі кезеңде дамитын елдің мемлекеттік қарызы бойынша орта мерзімдік тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып анықталған, келешекте күтілетін инфляция мен дисконттау деңгейіне сәйкес, Қазақстан нарығына тән тәуекелдерді түзетуді талап етеді.

Активтерді есептен шығару бойынша міндеттеме әрбір есепті кезеңде қайта қаралады және пайдаланудағы нысанды есептен шығару, жұмыс істейтін учаскелердегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру және өзге де осы тектес міндеттемелерді Түсіндірудің 1-Өзгерісіне сәйкес, ең үздік бағаны анықтау мақсатында түзетулер енгізіледі.

Нысандарды жабудың болашақтағы шығындарын бағалау үшін басшылық жасап шығарған елеулі бағалаулар мен пайымдамалар қолданылды. Мұндай міндеттемелердің басым бөлігі алдағы ұзақ уақытқа негізделген болашаққа қатысты болғандықтан, заңнама талаптарының қалай өзгеретіні белгісіз болуымен қатар, Компанияның бағалауына активтерге қатысты сала бойынша пайдаланылатын технологиялардың, шығындардың өзгерістері де ықпал етуі мүмкін. 2015 және 2014 жылдардағы 31 желтоқсанға сай толық жабу бойынша шығындарға резервтің, сәйкесінше, шамамен 19,07% және 19,07%-ы жұмсалды. Компания келешекте жойылатын ұңғымалар құнын ағымдағы жылдың бағасы мен орта мерзімдегі инфляция деңгейін пайдалана отырып бағалайды.

Міндеттемелердің теңгерімдік құнын бағалау үшін қолданылған ұзақ мерзімдік инфляция деңгейі мен дисконттау мөлшерлемесі 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, сәйкесінше, 5,0%-ды және 7,9%-ды құрады (2014 жылы: 5,0% және 7,9%). Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелердің өзгерісі 13-Ескертуде көрсетілген.

Экологиялық сауықтыру

Компания, сондай-ақ экологияны қалпына келтіру резервтерін қалыптастыру бойынша да бағалау жүргізіп, өз пайымдамасын білдіреді. Қоршаған ортаны қорғау шығындары капиталдандырады немесе олардың келешек экономикалық тиімділігіне байланысты шығындардың қатарына жатқызылады. Бұрынғы атқарылған жұмыстар аясында пайда болған, қазіргі жағдайға жататын және болашақта экономикалық тиімділік әкелмейтін шығыстар шығындардың қатарына жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат пен топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарларға орай анықталып, дисконттау негізінде және қажетті шаралардың мерзіміне қатысты басшылықтың пайымын есепке ала отырып ескеріледі. Компанияның экологияны қалпына келтіру резервтері басшылықтың ең үздік бағалары түрінде көрініс береді, олар қолданыстағы қазақстандық нормативтік база талаптарын сақтай отырып, күтілетін шығындарға берілетін тәуелсіз бағалауларға негізделген. Экологияны қалпына келтіруге қатысты қосымша тұрлаусыздықтар 24-Ескертуде, экологияны қалпына келтіру міндеттемелері бойынша өзгерістер 13-Ескертуде көрсетілген.

Салық салу

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына қатысты да («КТС»), АПС бойынша да есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС және АПС активтер мен міндеттемелердің мерзімдік айырмасында, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына байланысты күтілетін мөлшерлемелер бойынша есептеліп шығарылады. Кейінге қалдырылған КТС пен АПС Салық кодексінде қабылданған салық заңнамасының шарттары бойынша есептеліп, 20-Ескертуде көрсетілген. Салық салуға қатысты өзге де тұрлаусыздықтар 24-Ескертуде көрсетілген.

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

5. 5. Негізгі құралдар

	Мұнай-газ активтері	Өзге де активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиньтығы
2014 жылдың 1 қаңтарына сай қалдық құн	266,210	55,756	28,709	350,675
Келіп түскені	178	2,673	123,188	126,039
Активті есептен шығару бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер	203	-	-	203
Есептен шығарылғаны	(4,182)	(1,083)	(1,025)	(6,290)
Аяқталмаған күрделі құрылыс бойынша ауыстырылу	107,950	13,027	(120,977)	-
Ішкі ауыстырылулар	(48)	25	23	-
Тозу және сарқылу бойынша аударымдар	(52,320)	(5,188)	-	(57,508)
Құнсыздану (18-Ескерту)	(222,330)	(16,451)	(17,902)	(256,683)
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай қалдық құн	95,661	48,759	12,016	156,436
Келіп түскені	326	2,919	93,055	96,300
Активті есептен шығару бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер	5,451	-	-	5,451
Есептен шығарылғаны	(353)	(583)	(206)	(1,142)
Аяқталмаған күрделі құрылыс бойынша ауыстырылулар	84,782	4,054	(88,836)	-
Ішкі ауыстырылулар	2,641	(2,567)	(74)	-
Тозу және сарқылу бойынша аударымдар	(14,124)	(4,196)	-	(18,320)
Құнсыздану (18 Ескерту)	-	(3,614)	(744)	(4,358)
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай қалдық құн	174,384	44,772	15,211	234,367
2015 жылдың 31 желтоқсанына				
Бастапқы құны	840,027	117,635	25,670	983,332
Жинақталған тозу және сарқылу	(319,434)	(31,679)	-	(351,113)
Жинақталған құнсыздану	(346,209)	(41,184)	(10,459)	(397,852)
Қалдық құн	174,384	44,772	15,211	234,367
2014 жылдың 31 желтоқсанына				
Бастапқы құны	749,948	114,640	29,493	894,081
Жинақталған тозу және сарқылу	(309,629)	(28,550)	-	(338,179)
Жинақталған құнсыздану	(344,658)	(37,331)	(17,477)	(399,466)
Қалдық құн	95,661	48,759	12,016	156,436

6. Материалдық емес активтер

	Барлау мен бағалау бойынша активтер	Өзге де материалдық емес активтер	Жиынтығы
2014 жылдың 1 қаңтарына сай қалдық құн	8,412	3,652	12,064
Келіп түскені	1,440	624	2,064
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(1,263)	-	(1,263)
Есептен шығарылғаны	(17)	(16)	(33)
Амортизациялық аударымдар	(982)	(995)	(1,977)
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай қалдық құн	7,590	3,265	10,855
Келіп түскені	1,596	492	2,088
Есептен шығарылғаны	(1,345)	(164)	(1,509)
Амортизациялық аударымдар	(738)	(1,052)	(1,790)
Құнсыздану	-	(25)	(25)
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай қалдық құн	7,103	2,516	9,619
2015 жылдың 31 желтоқсанына			
Бастапқы құны	47,248	8,485	55,733
Жинақталған амортизация	(23,480)	(5,841)	(29,321)
Жинақталған құнсыздану	(16,665)	(128)	(16,793)
Қалдық құн	7,103	2,516	9,619
2014 жылдың 31 желтоқсанына			
Бастапқы құны	41,897	9,271	51,168
Жинақталған амортизация	(22,075)	(5,933)	(28,008)
Жинақталған құнсыздану	(12,232)	(73)	(12,305)
Қалдық құн	7,590	3,265	10,855

7. Қаржылық активтер

Өзге де қаржылық активтер	2015	2014
Өтелуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	31,680	16,848
Өтелуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді салымдар, теңгемен	2,077	1,717
Басқалары	3	2
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер жиынтығы	33,760	18,567
Қысқа мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	831,122	525,277
Қысқа мерзімді салымдар, теңгемен	-	8,632
Қысқа мерзімді салымдар, британдық фунт стерлингпен	2,790	1,571
Қысқа мерзімді салымдар, еуромен	-	33
Ағымдағы қаржылық активтер жиынтығы	833,912	535,513
	867,672	554,080

2015 жылы АҚШ долларымен есептелген мерзімді салымдар бойынша орташа мөлшерлеме 3,1%-ды құрады (2014 жылы: 1,9%). 2015 жылы теңгемен есептелген мерзімді салымдар бойынша орташа мөлшерлеме 12,7%-ды құрады (2014 жылы: 7,9%).

Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	2015	2014
Саудалық дебиторлық берешек	93,027	56,633
Алынатын дивидендтер	12,730	-
Өзге де	852	1,022
Күдікті дебиторлық берешектер б/ша резерв	(1,166)	(1,085)
	105,443	56,570

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

7. Қаржылық есеп (жалғасы)

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның саудалық дебиторлық берешегі құрамында Бас компанияның еншілес ұйымы болып табылатын KazMunayGasTradingAG («KMGTrading») және «ҚазМұнайГаз» – Өңдеу және маркетинг» АҚ-ның («ҚМГ ӨМ») шикі мұнай сатудан қалыптасқан, сәйкесінше, 36.824 млн теңге (2014 жылы: 45.133 млн теңге) және 52.137 млн теңге (2014 жылы: 8.525 млн теңге) берешегі бар. ҚМГ ӨМ берешегі құрамында ішкі нарыққа тоннасына 37.000 теңгеге тең келетін бағамен шикі мұнай сатудан қалыптасқан 44.081 млн теңге берешегі ескерілген (24-Ескерту).

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның саудалық дебиторлық берешегінің 40%-ы АҚШ долларымен көрсетілген (2014 жылы: 80%).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша саудалық және өзге де дебиторлық берешектердің өтелу мерзімінің сараптамасы былайша берілген:

	2015	2014
Ағымдық бөлігі	104,571	56,159
0-30 күнге дейін кешіктірілген	–	189
30-60 күнге дейін кешіктірілген	291	–
90 күнге дейін кешіктірілген	581	222
	105,443	56,570
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	2015	2014
Банктердегі қысқа мерзімді салымдар, АҚШ долларымен	207,440	77,519
Банктердегі қысқа мерзімді салымдар, теңгемен	12,370	29,401
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, АҚШ долларымен	15,488	67,355
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, теңгемен	1,767	5,951
Банктердегі қаржы мен кассадағы қолма қол ақша, британдық фунт стерлингпен	245	19
	237,310	180,245

Банктердегі ақшалай қаражат бойынша, банктердің күнделікті депозиттік мөлшерлемесіне қатысты сыйақы мөлшерлемесі белгіленген. Компанияның өтімді активтерінің қажеттіліктеріне байланысты банктік депозиттер әртүрлі мерзімге орналастырылады (бір айдан үш айға дейін). Депозиттерге тиісті мөлшерлеме бойынша сыйақылар есептеледі.

2015 жылы теңге түріндегі салымдар бойынша орташа сыйақы мөлшері 15,9%-ды құрады (2014 жылы: 6,9%). 2015 жылы АҚШ долларымен есептелген салымдар бойынша орташа сыйақы мөлшері 2,4%-ды құрады (2014 жылы: 0,4%).

8. Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен бірлесе бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері

	Иелік ету үлесі	2015	2014
Қазгермұнай («Қазгермұнай») ЖШС БК үлесі	50%	83,752	69,052
Ural Group Limited BVI («UGL») БК үлесі	50%	70,701	26,125
KS EP Investments BV («KS EP Investments») БК үлесі	51%	–	–
		154,453	95,177

Есепті кезеңдегі бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың қозғалысы:

	2015	2014
I қаңтарға баланстық күн	95,177	88,967
Жалпы жиынтық табыстағы үлесі	(2,289)	37,293
Алынған дивидендтер	(26,553)	(45,464)
Бағамдық айырма мен басқа да түзетулер	71,487	13,217
Қосымша төленген капиталдағы үлесі	16,631	1,164
31 желтоқсанға баланстық күн	154,453	95,177

2015 жылы KS EP Investments шығынындағы мойындалмаған үлес 8.753 миллион теңгені құрады (2014 жылы: 4.297 миллион теңге). 2015 жылдың 31 тамызындағы жағдай бойынша KS EP Investments-тен алынатын қарыз 46.358 мың АҚШ долларын құрады (11.017 млн теңге) және ол көрсетілген күнге шаққанда түгелдей құнсызданған кейіпте болды. 2014 жылдың 31 желтоқсанында Компания қарыз келісімі мен «Карповский Северный» (игеру мерзімі 2016 жылдың 29 желтоқсанына дейін) ЖШС бойынша барлау жүргізу лицензиясының ұзартылауына орай және аталған күн бойынша коммерциялық қорлардың табылауы себепті KS EP Investments тарапынан төленбеген негізгі қарыз сомасы мен оның пайызы бойынша құнсыздану жүргізді.

KS EP қарызының теңгерім құны 2014 жылдың 31 желтоқсанында 42.185 мың АҚШ долларын құраған болатын (7.692 миллион теңге).

8. Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен бірлесе бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері (жалғасы)

Қазгермұнай, UGL және KS EP Investments биржада тіркелмеген компаниялар болып табылады және олардың акциялары бойынша нарықтық бағамдар белгіленбеген. Бірлескен кәсіпорындардың есепті кезеңі Компанияның есепті кезеңіне сәйкес келеді.

Қазгермұнай

2007 жылдың 24 сәуірінде Компания ҚМГ ҰК-дан, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндірумен айналысатын Қазгермұнайға қатысудың 50%-дық үлесін сатып алды.

Келесі кестеде Қазгермұнайға қатысты жинақталған қаржылық ақпарат ұсынылған. Ол Қазгермұнайдың қаржылық есебі негізінде ҚЕХС-ке сәйкес, үлестік қатысу әдісін есепке алу үшін түзетулерді ескере отырып әзірленген:

	2015	2014
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	32,656	37,630
Ағымдағы өзге де активтер	17,712	15,425
Ұзақ мерзімдік активтер	198,757	136,167
	249,125	189,222
Ағымдағы міндеттемелер	37,149	27,694
Ұзақ мерзімдік міндеттемелер	44,472	23,424
	81,621	51,118
Таза активтер	167,504	138,104
Компанияға иелік ету үлесі	50%	50%
Инвестициялардың теңгерім құны	83,752	69,052
Кіріс	139,608	250,694
Операциялық шығындар	(85,611)	(115,899)
– тозу және амортизацияны қосқанда	(18,690)	(13,713)
– үлестік қатысу әдісін есепке алу үшін түзетулерді қосқанда	(2,758)	(7,251)
Операциялық қызметтерден келген пайда	53,997	134,795
Қаржылық табыс	632	1,053
Қаржылық шығындар	(807)	(663)
Салық салынғанға дейінгі пайда	53,822	135,185
Табыс салығы бойынша шығындар	(48,569)	(51,840)
Жыл ішіндегі кіріс және өзге де жиынтық табыс	5,253	83,345
Жыл ішіндегі жиынтық табыстағы Компанияның үлесі	2,627	41,673

Қазгермұнай кәсіпорын бойынша екі әріптесінің келісімін алғанға дейін пайданы бөліп таратуға құқылы емес.

UGL

2011 жылдың 15 сәуірінде Компания «ExplorationVentureLimited» («EVL») компаниясынан UGL-дің қарапайым акцияларының 50%-ын сатып алды. UGL Батыс Қазақстанда мұнай және газ барлаумен айналысатын «UralOilandGas» («UOG») ЖШС-ның 100% үлесіне иелік етеді. 2015 жылдың сәуірінде UOG Рожковское кен орнында барлау жүргізу лицензиясының орнына өнім өндіру лицензиясын алды. Өнім өндіру лицензиясы 25 жыл бойында жарамды.

Төмендегі кестеде UGL-ге қатысты үлестік қатысу әдісін есепке алу үшін түзетулерді ескере отырып, жинақталған қаржылық ақпарат берілген:

	2015	2014
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	921	214
Ағымдағы өзге де активтер	54	17
Ұзақ мерзімдік активтер	207,323	105,155
	208,298	105,386
Ағымдағы міндеттемелер	3,118	515
Ұзақ мерзімдік қаржылық міндеттемелер	53,901	49,942
Ұзақ мерзімдік міндеттемелер	9,877	2,680
	66,896	53,137
Таза активтер	141,402	52,249
Компанияға иелік ету үлесі	50%	50%

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

8. Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар мен бірлесе бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері (жалғасы)

	2015	2014
Инвестициялардың теңгерім құны	70,701	26,125
Түсім	16	88
Операциялық шығындар	(8,787)	(1,920)
Операциялық қызметтен келген зиян	(8,771)	(1,832)
Қаржылық табыс	11	8
Қаржылық шығын	(1,079)	(613)
Салық салғанға дейінгі зиян	(9,839)	(2,437)
Табыс салығы б/ша жеңілдік/(шығын)	8	(17)
Жыл ішіндегі зиян және өзге де жиынтық шығын	(9,831)	(2,454)
Жыл ішіндегі жиынтық зияндағы Компанияның үлесі	(4,916)	(1,227)

2015 жыл бойында Компания UGL-ге пайызсыз қарыз түрінде 15.250 мың АҚШ доллары қарыз сомасын ұсынды (3.389 миллион теңге) (2014 жылы: 6.100 мың АҚШ доллары немесе 1.093 миллион теңге). Бастапқы мойындауда қарыздар – болашақ ақша ағынын дисконттау жолымен анықталған 4.478 АҚШ долларына тең келетін (995 миллион теңге) әділ құн бойынша танылды. UGL-ге салынған инвестициялар дисконттау әсерін есепке алу үшін түзетілген болатын.

2015 жыл бойында Компания UGL-ге берілген қарыздарды өтеу мерзімі бойынша күткен болжалдарын қайта қарады. Соның нәтижесінде қарыздарды өтеу мерзімі 2015–2018 жылдардан 2020–2024 жылдарға дейін ұзартылды. Өтеу мерзімін бұлайша ұзарту қарыздардың теңгерім құнын 14.174 миллион теңгеге төмендетуге алып келді. 2015 жылдың 31 желтоқсанына сай UGL-ге берілген қарыздардың теңгерім құны 82.309 мың АҚШ долларын құрады (27941 миллион теңге (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 141.149 мың АҚШ доллары немесе 25.738 миллион теңге).

Акционердің пайызсыз негізде берілген бастапқы және қосымша қарыздары, дисконттаудың 15%-дық мөлшерлемесін қолдана отырып, қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады.

Бірлесе бақыланатын «CITIC Canada Energy Limited» («CCEL») кәсіпорнының дебиторлық берешегі

2007 жылы Компания Гонконг қор биржасында тіркелген, Батыс Қазақстанда мұнай және табиғи газ өндірумен айналысатын «CITIC Group» холдингтік компаниясына тиесілі «StateAllianceHoldingsLimited» компаниясына қаражат инвестициялаған бірлесе бақылауға алынатын CCEL кәсіпорнының 50%-дық үлесін сатып алды.

CCEL қолда бар таратылатын капиталды негізге ала отырып, дивидендтерді жыл сайын жариялауға міндетті. Сонымен қатар, Компания CCEL-ден алынған кепілді төлемнің ең жоғарғы сомасынан асатын кез келген дивидендтерді 2020 жылға дейін CITIC-ке төлеп отыру туралы міндеттеме қабылдады. Бұл сома 2015 жылдың 31 желтоқсанына шаққанда 515,5 миллион АҚШ долларын құрады (174.994 миллион теңге) (2014 жылы: 509,5 миллион АҚШ доллары немесе 92.912 миллион теңге).

Ең жоғарғы сома дегеніміз Компанияның бастапқы бағамен сатып алған үлесінің CITIC-ті қаржыландырып және қоса есептелген сыйақылардан қалған сомасы. Компанияның, CCEL-ден эквивалентті сомасын алғанға дейін, CITIC сомасы бойынша төлем жасау туралы міндеттемесі жоқ. Соған сәйкес, Компания өзінің қаржылық жағдайы туралы есебінде CCEL-ден 2020 жылға дейін жыл сайын кепілді төлем көлемінде дивидендтер алуға құқылы екенін, оған қоса ең жоғарғы кепілді сомадан асатын кез келген дивидендтерді ұстап қалу құқы барын мойындайды.

2015 жылдың 31 желтоқсанына шаққанда мәмілелер бойынша амортизацияланбаған шығындарды шегергеннен кейінгі аталған дебиторлық берешектің теңгерім құны 89,3 миллион АҚШ долларын құрады (30.314 миллион теңге) (2014 жылы: 100,5 миллион АҚШ доллары немесе 18.331 миллион теңге).

Оның сыртында, Компания сатып алу келісімшартында көрсетілген кей жағдайлар бойынша, өз опционын сатуға, сондай-ақ CITIC инвестицияларын қайтаруға және алынған кепілді төлемдердің жалпы сомасын шегере отырып, 150 миллион АҚШ долларын 8%-дық жылдық мөлшерлеме сыйақысымен қайтарып алуға құқылы.

2008 жылдың 17 қарашасында кепілді сома 26,2 миллион АҚШ долларынан 26,9 миллион АҚШ долларына дейін көбейтілді және бұл сома тең бөлініп жыл сайын 12 шілдеден және 12 желтоқсаннан кешіктірілмей төленеді. Аталған келісім жасалғаннан кейін CCEL-дің дебиторлық берешектері бойынша сыйақысының тиімді мөлшерлемесі жылына 15%-ды құрады.

9. Қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар

	Иелік ету үлесі	2015	2014
«Петроқаззақстан Инк.» («ПҚИ») б/ша үлесі	33%	154,241	116,054

ПҚИ биржада тіркелмеген компания болып табылады және оның акциялары бойынша нарықтық бағамдар белгіленбейді. ПҚИ кен орындарын барлаумен және игерумен, мұнай және газ өндірумен, мұнай кен орындарын сатып алумен және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатумен айналысады. ПҚИ-дің негізгі өндірістік мұнай-газ активтері Оңтүстік және Орталық Қазақстанда орналасқан. Компания ПҚИ-дің 33 пайыздық үлесін 2009 жылы желтоқсан айында сатып алды.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есебінің есеп беру кезеңі Компанияның есеп беру кезеңіне сәйкес келеді.

Қауымдасқан компанияға есепті кезең ағымында салынған инвестициялар қозғалысы:

	2015	2014
1 қаңтарға теңгерім құны	116,054	107,095
Жалпы жиынтық табыстағы/(шығыстағы) үлесі	(40,467)	18,738
Алынған дивидендтер	–	(29,981)
Бағам айырмасы және өзге де түзетулер	78,654	20,202
31 желтоқсанға теңгерім құны	154,241	116,054

Келесі кестеде ҚЕХС-ке сәйкес әзірленген ПҚИ-дің қаржылық есебі негізінде жасалған жинақталған қаржылық ақпарат пен Компания инвестицияларының теңгерім құнының салыстырмалы тексерісі ұсынылған:

	2015	2014
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленті	48,568	23,371
Ағымдағы өзге де активтер	78,268	73,831
Ұзақ мерзімді активтер	556,382	416,493
	683,218	513,695
Ағымдағы міндеттемелер	132,525	86,751
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	83,297	75,266
	215,822	162,017
Таза активтер	467,396	351,678
Компанияның иелік ету үлесі	33%	33%
Инвестициялардың баланстық құны	154,241	116,054
Кіріс	127,768	263,445
Операциялық шығындар	(158,803)	(174,633)
– тозу және амортизацияны қосқанда	(38,348)	(36,002)
– үлестік қатысу әдісін есепке алу үшін түзетулерді қосқанда	(22,082)	(17,273)
Операциялық қызметтерден келген пайда/(зиян)	(31,035)	88,812
Бірлескен кәсіпорындар табысындағы/(шығысындағы) үлесі	(12,909)	32,527
Қаржылық табыс	234	690
Қаржылық шығыс	(6,050)	(4,065)
Салық салынғанға дейінгі пайда/(зиян)	(49,760)	117,964
Табыс салығы бойынша шығындар	(4,098)	(52,100)
Жылдық пайда/(зиян)	(53,858)	65,864
Өзге де жиынтық шығыс	(68,770)	(9,084)
Жылдық жиынтық пайда/(зиян)	(122,628)	56,780
Жылдық жиынтық пайда/(зияндағы) Компанияның үлесі	(40,467)	18,738

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

10. Тауарлық-материалдық қорлар

	2015	2014
Шикі мұнай	9,218	12,574
Материалдар	13,884	13,783
	23,102	26,357

2015 жылдың 31 желтоқсанына сай Компанияның 266.022 тонна шикі мұнайы сұйық қоймалар мен транзитте болды (2014 жылы: 324.311 тонна).

11. Жарғылық қор

	Шығарылған акциялар	
	Акциялардың саны	Миллион теңге
2014 жылдың 1 қаңтарына сай	68,159,309	162,969
Акция опциондарының орындалуы нәтижесінде сатып алынған өз акцияларының азаюы	3,326	35
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай	68,162,635	163,004
Акция опциондарының орындалуы нәтижесінде сатып алынған өз акцияларының азаюы	–	–
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай	68,162,635	163,004

11.1 Жарғылық капитал**Шығарылуы жария етілген акциялар**

Шығарылуы жария етілген акциялардың жалпы саны 74.357.042 (2014 жылы: 74.357.042). Шығарылуы жария етілген 70.220.935 акция қарапайым акциялардың қатарына жатады (2014 жылы: 70.220.935) және 4.136.107 артықшылығы бар өтелмеген акциялар (2014 жылы: 4.136.107). 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айналымда жүрген 43.087.006 акция Бас компанияға тиесілі (2014 жылы: 43.087.006). Компания акцияларының номиналдық құны жоқ.

Дивидендтер

Қазақстан заңнамасы бойынша, егер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы стандарттарына сәйкес әзірленген қаржылық есеп теріс таңбалы капиталмен жасалған болса немесе дивидендтерді төлеу нормативтік қаржылық есептіліктің теріс таңбалы капиталына әкеп соқтыратын болса, онда дивидендтер жарияланбайды. 2015 жыл бойынша акционерлерге төленеді деп танылған акция үшін дивидендтер сомасы 2014 жылдың 1 маусымында тіркелген реестрге сәйкес қарапайым, сондай-ақ артықшылығы бар бір акция үшін 440 теңгені құрады (2014 жылы: әр акцияға 1.976 теңге).

11.2 Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама

Жыл бойында қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама бойынша 1.598 миллион теңге сомасында шығындар мойындалды (2014 жылы: нөл).

Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама жоспары

1-опциондық бағдарлама жоспарына сәйкес («1 ҚОБ»), Компанияның басшылық қызметтегі жұмыскерлеріне жаһандық депозитарлық қолхат (ЖДҚ) бойынша опциондар ұсынылған, оның орындалу бағасы ұсынылған сәттегі ЖДҚ-ның нарықтық құнына тең. Опциондардың орындалуы қызмет атқару шарттарына тәуелді емес және жыл сайын ұсынылған опционның 1/3 бөлігіне үш жыл бойы иелік ету құқын береді, ол мұндай құқық берілген уақыттан бастап бес жылдың ішінде орындалуы мүмкін.

2-опциондық бағдарлама жоспарына сәйкес («2 ҚОБ»), акция опциондары Компаниядағы маңызды персоналды, яғни жоғарғы деңгейдегі басшылар мен Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін ынталандыруға арналған. Бұлардың құрамына тәуелсіз директорлар кірмейді. Опциондардың орындалу бағасы ұсынылған сәттегі ЖДҚ-ның нарықтық құнына тең. Аталған опциондардың орындалуы қызмет атқару шарты бойынша жетістікке жетуге тәуелді емес. 2007 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша не бұл күннен кейін ұсынылған опциондар ұсынылған күннің үшінші жылдығына құқық береді және ол құқық берілген уақыттан бастап бес жылға дейінгі мерзімде орындалуы тиіс.

3-опциондық бағдарлама жоспарына сәйкес («3 ҚОБ»), ЖДҚ бойынша опциондар Компаниядағы маңызды персонал мен жоғары басышылыққа ұсынылған. Опциондардың орындалу бағасы нөлге тең. Опциондар 2015 жылдың 25 желтоқсанында ұсынылған, олар 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін құқық береді және 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде орындалуы тиіс.

11. Жарғылық капитал (жалғасы)

11.2 Қызметкерлерге арналған опциондық бағдарлама (жалғасы)

Жыл ішіндегі өзгерістер

Келесі кестеде ЖДҚ (No.) саны мен әрбір ЖДҚ (WAEP) бойынша орташа орындалу бағасы (АҚШ долларымен) және жыл ішіндегі акция опционының өзгерісі көрсетілген:

	2015		2014	
	No.	WAEP	No.	WAEP
1 қаңтарға сай айналымдағы	1,136,523	19.54	1,354,307	19.61
Жыл ішінде ұсынылғаны	677,231	-	-	-
Жыл ішінде орындалғаны	-	-	(19,954)	14.16
Жыл ішінде айналымнан шығарылғаны	(78,214)	17.79	(197,830)	20.51
Жыл ішінде қызмет мерзімі өткені	(177,980)	26.47	-	-
31 желтоқсанға сай айналымдағы	1,557,560	10.34	1,136,523	19.54
31 желтоқсанға сай орындалуы ықтимал	1,557,560	10.34	1,136,523	19.54

2015 жылдың 31 желтоқсанына сай акцияға опционның қалған келісімшарттық орташа мерзімі 3,46 жылды құрайды (2014 жылы: 2,87 жыл). 2015 жылдың 31 желтоқсанына сай опциондар айналымы бойынша орындалу бағасының диапазоны бір ЖДҚ үшін 0,00 АҚШ долларын – 26,10 АҚШ долларын құрады (2014 жылы: 13,00 АҚШ доллары – 26,47 АҚШ доллары. 1 ҚОБ, 2 ҚОБ және 3 ҚОБ берілген күніне сай үлестік құралдар негізінде әділетті құн бойынша бағаланатын жоспарлар болып табылады.

11.3 Қазақстан қор биржасының ақпаратты жария ету жөніндегі талаптары

2010 жылдың 11 қазанында Қазақстан Қор Биржасы жаңа листингтік талаптар бекітті, оған сәйкес Компания материалдық емес өзге де активтерді шегере отырып, жыл соңындағы айналымдағы акциялардың жалпы санына бөлу арқылы капиталдың жалпы сомасын жария етуі тиіс (6-Ескерту). 2015 жылдың 31 желтоқсанына сай аталған көрсеткіш бір акцияға 26.544 теңгені құрайды (2014 жылдың 31 желтоқсаны бойынша: 19.598 теңге).

12. Акцияға шаққандағы пайда

	2015	2014
Айналымдағы барлық акциялардың орташа саны	68,162,635	68,160,405
Жылдық пайда	243,669	47,038
Акцияға шаққандағы базалық және молайту пайдасы	3.57	0.69

Жоғарыда келтірілген жариялау қарапайым, сондай-ақ артықшылығы бар акцияларға да қатысты, себебі артықшылығы бар акциялардың иелері, қарапайым акциялардың иелері сияқты акцияға шаққандағы табысты бөлуге қатысуға тең құқылы, соның нәтижесінде қос санаттағы акциялар иелерінің әр акция бойынша табысы тең болады.

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

13. Резервтер

	Экологиялық міндеттеме	Салықтар	Активтерді есептен шығару бойынша міндеттеме	Өзге де	Жиынтығы
2014 жылдың 1 қарашасына сай	17,520	14,625	16,195	5,930	54,270
Қосымша резервтер	–	1,481	422	2,928	4,831
Пайдаланылмаған соманы сторнолау	–	–	(64)	–	(64)
Дисконт амортизациясы	1,097	–	1,268	–	2,365
Бағалаудағы өзгерістер	1,110	–	(284)	–	826
Жыл бойында пайдаланылғаны	(2,277)	(15,174)	(924)	(637)	(19,012)
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай	17,450	932	16,613	8,221	43,216
Ағымдағы бөлігі	5,912	932	502	941	8,287
Ұзақ мерзімдік бөлігі	11,538	–	16,111	7,280	34,929
Қосымша резервтер	–	60,086	165	9,049	69,300
Дисконт амортизациясы	1,267	–	1,317	–	2,584
Бағалаудағы өзгерістер	127	–	3,599	–	3,726
Жыл бойында пайдаланылғаны	(1,234)	(932)	(372)	(1,014)	(3,552)
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай	17,610	60,086	21,322	16,256	115,274
Ағымдағы бөлігі	8,270	60,086	556	1,098	70,010
Ұзақ мерзімдік бөлігі	9,340	–	20,766	15,158	45,264

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сай салықтар бойынша резерв құрамында Компанияны 2009–2012 жылдардағы кешендік салықтық тексеруге қатысты 32.240 миллион теңге болды, оның ішінде салықтар 16.125 миллион теңгені, айыппұл мен өсімдер – 16.115 миллион теңгені құрады. Оның сыртында, Компания салықтық тексеру кезеңінен бастап аталған қаржылық есеп бойынша есеп беру күніне дейінгі аралықта салық есебі бойынша шолу жүргізді, сөйтіп, 27.846 миллион теңге сомасына қосымша резерв есептеді, бұл сома түптеп келгенде төленетіні әбден ықтимал. Аталған сома құрамында 22.380 миллион теңге салық 5.466 миллион теңге өсім пұл бар. Компания басшылығы, салықтық заңнаманы өз түсіндіруі орынды деп есептейді, және Компанияның өз салықтық ұстанымдары бойынша салмақты дәлелі бар, бірақ соңғы соттық талқылау қорытындысы мен ағымдағы жағдайды ескере отырып (24-Ескерту), басшылық қосымша салықтық есептеулер мен наразылықтар бойынша өз бағасын өзгертті.

14. Кірістер

	2015	2014
Экспорт:		
Шикі мұнай	364,484	706,940
Өңделген газ өнімдері	891	2,586
Ішкі нарық (24-Ескерту):		
Шикі мұнай	145,285	109,169
Өңделген газ өнімі	6,498	10,993
Өңдеу өнімдері	1,394	2,863
Өзге де сатылымдар мен қызметтер	11,260	13,219
	529,812	845,770

15. Өндірістік шығындар

	2015	2014
Қызметкерлердің сыйақылары	153,928	130,367
Жөндеу және қызмет көрсету	20,206	26,781
Электр энергиясы	18,389	16,706
Материалдар мен қорлар	18,357	20,050
Көлік шығындары	5,345	5,875
Мұнай қалдығының өзгерісі	3,356	1,373
Өңдеу бойынша шығындар	1,109	1,205
Экологиялық міндеттемелерді бағалаудағы өзгеріс (13-Ескерту)	127	1,110
Капиталданған актив сомасынан асатын, істен шыққан активтер бойынша міндеттемелердің азаюы	(1,686)	–
Өзге де	5,918	8,433
	225,049	211,900

16. Өткізу және әкімшілік шығыстар бойынша шығындар

	2015	2014
Көлік шығындары	66,637	68,687
Айыппұл және өсімпұл (13-Ескерту)	24,737	3,592
Қызметкерлердің сыйақылары	19,364	16,758
Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	1,889	2,188
Жөндеу және қызмет көрсету	1,026	1,023
Демеушілік	726	933
Басқарма қаламақысы және сату бойынша комиссиялар	–	4,451
Өзге де	4,222	4,936
	118,601	102,568

17. Табыс салығынан өзге салықтар

	2015	2014
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	67,160	89,840
Экспорттық кедендік баж салығы	65,588	74,227
Ренталық салық	39,838	151,861
Мүлік салығы	6,265	6,204
Өзге де салықтар	2,650	6,079
	181,501	328,211

18. Негізгі құралдардың құнсыздануы

	2015	2014
Мұнай-газ активтерінің құнсыздануы (4, 5-Ескертулер)	–	255,375
Әлеуметтік нысандардың құнсыздануы	4,358	942
Өзге де	–	366
	4,358	256,683

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

19. Қаржылық табыстар/шығыстар

19.1 Қаржылық табыс

	2015	2014
Банк салымдары бойынша пайыздық табыс	15,719	13,499
Бірлесе бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешектері бойынша пайыздық табыс	7,265	7,108
Өтелетін ұзақ мерзімдік ҚҚС б/ша дисконт амортизациясы (24-Ескерту)	1,860	-
Өзге де	1,250	155
	26,094	20,762

19.2 Қаржылық шығындар

	2015	2014
КС ЕР қарызына бағалау резерві (8-Ескерту)	11,017	-
Активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерге дисконт амортизациясы	1,317	1,083
Қоршаған ортаны қалпына келтіру міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы	1,267	1,097
Өтелетін ұзақ мерзімдік ҚҚС б/ша дисконтты мойындау (24-Ескерту)	1,051	5,036
Сыйақылар шығыны	347	1,626
Өзге де	-	110
	14,999	8,952

20. Табыс салығы

31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша табыс салығының шығындары былайша көрсетілген:

	2015	2014
Корпоративтік табыс салығы	109,124	52,727
Артық пайда салығы	6,563	11,831
Ағымдағы табыс салығы	115,687	64,558
Корпоративтік табыс салығы	8,847	(49,152)
Артық пайда салығы	2,987	(871)
Кейінге қалдырылған табыс салығы	11,834	(50,023)
Табыс салығы бойынша шығындар	127,521	14,535

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасы мен Қазақстандағы табыс салығының тиімді мөлшерлемелері көрсетілген.

	2015	2014
Салық салынғанға дейінгі пайда	371,190	61,573
Табыс салығы	127,521	14,535
Салықтың тиімді мөлшерлемесі	34%	24%
Табыс салығының заңнамамен белгіленген мөлшерлемесі	20%	20%
Нәтижесінде өсуі/(кемуі):		
Төлем көздерінен ұсталатын салық	1%	2%
Артық пайда салығы	1%	5%
Алдағы жылдардың корпоративтік табыс салығы	7%	15%
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар нәтижесіндегі үлестері	(1%)	(20%)
Салық салынбайтын табыс	(2%)	(1%)
Экологиялық және активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелер	-	(11%)
Өтелетін ҚҚС бойынша резервтерден	3%	-
Шегерілмейтін шығындар	5%	14%
Салықтың тиімді мөлшерлемесі	34%	24%

20. Табыс салығы (жалғасы)

КТС пен АПС-ке қатысты кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің өзгерісі былайша берілген:

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	Резервтер	Салықтар	Өзге де	Жинтығы
2014 жылдың 1 қаңтарына сай	14,885	928	13,623	4,920	34,356
Пайда мен зиян құрамында танылған	48,171	7,337	(5,754)	(43)	49,711
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай	63,056	8,265	7,869	4,877	84,067
Пайда мен зиян құрамында танылған	(13,033)	5,368	(3,413)	(1,085)	(12,163)
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай	50,023	13,633	4,456	3,792	71,904

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер:	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	Резервтер	Салықтар	Өзге де	Жинтығы
2014 жылдың 1 қаңтарына сай	(943)	68	1	(7)	(881)
Пайда мен зиян құрамында танылған	305	1	1	5	312
2014 жылдың 31 желтоқсанына сай	(638)	69	2	(2)	(569)
Пайда мен зиян құрамында танылған	398	(69)	(2)	2	329
2015 жылдың 31 желтоқсанына сай	(240)	-	-	-	(240)

Салықтық активтері мен салықтық міндеттемелерін Компания, ағымдағы салықтық активтері мен ағымдағы салықтық міндеттемелерін есепке жатқызуға құқықтары бекітілген жағдайда ғана есепке жатқызуды жүзеге асырады, ал кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер пайдаға салынатын салыққа жатқызылады және оны бір салықтық орган ғана өндіріп ала алады.

21. Байланысқан тараптармен арадағы мәмілелер

«Ортақ бақылаудағы ұйымдар» санатына Бас компания тарапынан бақыланатын компаниялар кіреді. «Мемлекеттік бақылаудағы өзге де ұйымдар» санатына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылауындағы ұйымдар кіреді.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған он екі ай бойынша байланысқан тараптармен арадағы сатулар және сатып алулар мен 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына сай байланысқан тараптармен арадағы сальдо бойынша мәмілелер төменде былайша көрсетілген:

	2015	2014
Тауарлар мен қызметтерді сату		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	535,105	849,240
Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	31	45
Қауымдасқан компания	29	23
Бас Компания	-	155
Бірлескен кәсіпорындар	4,973	6,023
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	40,316	39,882
Мемлекет бақылауындағы өзге де компаниялар	18,410	18,069
Бас компания	-	4,451
Бірлескен кәсіпорындар	57	71
Қаржылық активтер бойынша есептелген пайыздар		
Бірлескен кәсіпорындардың қарыздары бойынша сыйақыдан түскен табыс	4,323	4,084
Бірлескен кәсіпорындардың қарыздары бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме	1.04%	1.11%
Қаржы активтеріне бағалау резерві		
Бірлескен кәсіпорындар	11,017	-
Жалақы және өзге де қысқа мерзімдік төлемдер		
Директорлар кеңесінің мүшелері	179	157
Басқарма мүшелері	473	337
Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер		
Басқарма мүшелері	331	-

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

21. Байланысқан тараптармен арадағы мәмілелер (жалғасы)

	2015	2014
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	95,516	58,305
Бірлескен кәсіпорындар	72,306	52,677
Мемлекет бақылауындағы өзге де ұйымдар	2,796	2,274
Қауымдасқан компания	7	15
Саудалық кредиторлық берешек		
Ортақ бақылаудағы ұйымдар	2,530	1,907
Мемлекет бақылауындағы өзге де ұйымдар	327	454
Бірлескен кәсіпорындар	28	-

Сатылымдар және дебиторлық берешек

Байланысты тараптардың сатылымына, негізінен, шикі мұнай және мұнай өнімдерін экспортқа және ішкі нарықта ҚМГ ҰК тобы кәсіпорындарына сату кіреді. 2015 жылы байланысты тараптардың шикі мұнай экспорттау көлемі 4.646.981 тоннаны құрады (2014 жылы: 5.571.211 тонна). Шикі мұнайдың сату бағасы Platt's бағамына сілтеме жасай отырып, кірепұл құны, трейдер маржасы және сапаға жасалатын жеңілдіктер айырмасына енгізілген түзетулер негізінде анықталады. Осындай жолмен экспортқа сатылған бір тонна мұнайдың орташа бағасы 2015 жылы шамамен 81.046 теңгені құрады (2014 жылы: 130.60 теңге).

Бас компанияны бақылаушы соңғы акционер болып табылатын Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес, Компания мұнай және газ өнімдерін ішкі нарыққа Бас компанияның еншілес ұйымы «ҚазМұнайгаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ арқылы жеткізеді. 2015 жылы осындай жолмен ішкі нарыққа өндірілген шикі мұнайдың 2.680.244 тоннасы жеткізілді (2014 жылы: 1.912.000 тонна). Ішкі нарықтағы сату бағасы Бас компаниямен келісе отырып анықталады (24-Ескерту). 2015 жылы Компания ішкі нарыққа жеткізілген бір тонна мұнайға орташа есеппен алғанда шамамен 37.000 теңге алып отырды (2014 жылы: 48.000 теңге).

Ортақ бақылаудағы ұйымдар сатылымына, сонымен қатар, Ресей Федерациясына «ҚазМұнайгаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ-ның делдалдық етуімен қарама-қарсы негізде жеткізілген 916.300 тонна (2014 жылы: 447.000 тонна) шикі мұнайдан келіп түскен табыс та қосылады (24-Ескерту). Аталған жеткізілімдерге қатысты шикі мұнайдың орташа бағасы Platts бағамы бойынша Brent және Urals бағамдары арасындағы спредке түзету енгізе отырып, Ресей Федерациясының экспорттық кедендік баж салығы сомасына азайтылған, трейдер маржасы, Ресей-Беларусь және Қазақстан-Ресей шекарасына жеткізу бойынша тасымал шығындары шамасы арасындағы шегерім мен айырма бойынша қалыптасады. Қарама-қарсы жеткізулер бойынша бір тонна шикі мұнай сатудың орташа бағасы 2015 жылы шамамен 50.289 теңгені құрады (2014 жылы: 38.871 теңге).

Сатып алулар және кредиторлық берешек

2015 жылы Бас компанияның басқару қызметтеріне жұмсалған комиссия нөл теңгені құрады (2014 жылы: 4.451 миллион теңге). 2015 жылы 6.467.528 тонна шикі мұнай тасымалдау (2014 жылы: 6.033.932 тонна) мен Каспий құбыр консорциумының жинақтау бекетінде 1.849.985 тонна (2014 жылы: 1.991.256 тонна) шикі мұнай тиеу мақсатында 2015 жылы Бас компанияның еншілес ұйымынан 33.727 миллион теңгенің қызметтері сатып алынды (2014 жылы: 32.472 миллион теңгенің). ҚМГ ҰК-ның еншілес ұйымдарынан сатып алынған өзге де қызмет түрлерінің ішінде, негізінен, күзет және қайта өңдеу бойынша төлемдер бар.

Үлестік құралдар негізінде Басқарма мүшелеріне төлемдер

Басқарма мүшелеріне үлестік құралдар негізінде төленетін төлемдер, мұндай құқыққа ие болған мерзім ішінде үлестік құралдар негізінде төленетін амортизациялық төлем болып саналады. 2015 жылы бойынша Компания 140.259 опцион берді (2014 жылы: опциондар болған жоқ).

22. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты

Компанияның кредиттер, қарыздар, саудалық және басқа да кредиторлық берешектер сынды әртүрлі қаржылық міндеттемелері бар. Компания, сондай-ақ саудалық дебиторлық берешектер, қысқа және ұзақ мерзімді депозиттер мен ақшалай қаражат және олардың эквиваленттері түріндегі әртүрлі қаржылық активтерге ие. Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекелі мен шикізат тауарлары бағасының өзгеру тәуекелдеріне ұшырағыш келеді. Компанияның Қаржылық Комитеті басшылыққа мониторингтік қадағалау жүргізуге көмек көрсетеді және Компанияның бекітілген ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес, қажет болған кездерде тәуекелдерді мейлінше азайтуға ат салысады.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

2015 жылдың 31 желтоқсанына сай Компанияның айнымалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздары жоқ және Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Келесі кестеде, өзге де барлық көрсеткіш өзгермеген жағдайдағы Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының АҚШ доллары бағамының өзгеру мүмкіндігіне қатысты сезімталдығына сараптама жасалған (ақшалай активтер мен міндеттемелер бойынша әділетті құнның өзгеру салдарында):

	АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамының өсуі/кемуі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға ықпалы
2015		
АҚШ доллары	+20.00%	174,285
АҚШ доллары	-5.00%	(43,571)
2014		
АҚШ доллары	+25.00%	150,804
АҚШ доллары	-5.00%	(30,161)

Кредиттік тәуекел

Компания саудалық дебиторлық берешектеріне байланысты кредиттік тәуекел қауіпіне ұшырауы мүмкін. Сатылымдарының басым бөлігін Компания Бас компаниямен аффилирленген кәсіпорындар арқылы іске асыратындықтан, оған қатысты дебиторлық берешектер бойынша тәуекелдер елеулі түрде жинақталуы мүмкін (7,21–Ескертулер). Қосымша дебиторлық берешектердің аздаған бөлігі бір тектес топтар бойынша таратылған және ортақ негізде құнсыздандыру бойынша тұрақты түрде бағаланып отырады, нәтижесінде Компанияның сенімсіз берешектер бойынша тәуекелі айтарлықтай елеулі емес. Компания, сондай-ақ инвестициялық қызметін іске асыру барысында да кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді. Компания салымдарының негізгі бөлігін қазақстандық және шетелдік банктерде орналастырады. Компанияның ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес, Қаржылық ұйымдардың шоттарындағы қалдықтарға қатысты кредиттік тәуекелдер Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен тәртіп бойынша Компанияның Қазынашылық департаменті тарапынан бақылауға алынған. Қаржылық ұйымдардың дефолтқа тап болуынан туындайтын Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауының ең жоғарғы сезімталдық мөлшері қаржылық активтердің баланстық құнына тең.

Келесі кестеде «Standard and Poor's» айқындаған кредиттік рейтингтерді пайдалана отырып (басқалай көрсетілмесе), есепті кезеңге сәйкес банктердегі қаржылық активтердің сальдосы көрсетілген.

	Мекен-жайы	Рейтинг ¹ 2015	Рейтинг ¹ 2014	2015	2014
Халық Банкі	Қазақстан	BB+ (жағымсыз)	BB+ (тұрақты)	294,748	134,632
BNP Paribas	Ұлыбритания	A+ (жағымсыз)	A+ (жағымсыз)	170,156	88,756
Дойче Банк	Ұлыбритания	BBB+ (тұрақты)	A (жағымсыз)	170,097	110,518
ING Bank	Нидерланды	A (тұрақты)	A (жағымсыз)	144,901	61,177
Сити Банк Н.А.	Ұлыбританиядағы бөлімшесі	A (жағымды)	A (тұрақты)	100,390	81,378
Қазкоммерцбанк	Қазақстан	B- (жағымсыз)	B (тұрақты)	99,394	83,245
HSBC Plc	Ұлыбритания	A (тұрақты)	AA- (жағымсыз)	62,230	33,186
Credit Suisse	Швейцария	BBB+ (тұрақты)	A (жағымсыз)	30,301	11,439
АТФ Банк (Fitch)	Қазақстан	B- (тұрақты)	B- (тұрақты)	18,229	12,309
Еуразиялық Банк	Қазақстан	B (тұрақты)	B+ (жағымды)	11,231	47,623
Сбербанк	Қазақстан	BB+ (жағымсыз)	Ba2 (жағымсыз)	100	19,603
RBS NV	Ұлыбритания	BBB- (жағымсыз)	Baa2 (жағымсыз)	2,790	1,571
Центр Кредит Банкі (Moody's)	Қазақстан	B2 (тұрақты)	B2 (тұрақты)	37	79
Сити Банк Қазақстан	Қазақстан	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	6	12,104
Цесна Банк	Қазақстан	B+ (тұрақты)	B+ (тұрақты)	-	36,578
Өзгелері				372	127
				1,104,982	734,325

1 Дерек көзі: тиісті жыл бойынша 31 желтоқсандағы жағдайға сай банктердің және рейтингтік агенттіктердің ресми сайттары.

Қаржылық есеп**Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер****(жалғасы)****22. Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты (жалғасы)****Шикізат тауарлары бағасының өзгеру тәуекелі**

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен бааланатын шикі мұнай бағасының өзгеру тәуекеліне тәуелді. Компания жыл сайын бюджеттерін әзірлеп, мерзімдік болжамдарын жасайды, оған болашақтағы шикі мұнай бағасының әртүрлі деңгейіне қатысты сезімталдығына жасалған сараптама да кіреді.

Капиталды басқару

Капитал құрамына Компанияның барлық меншікті капиталы кіреді. Компанияның капиталды басқару қатысты негізгі мақсаты, акционерлер табысын мейлінше көбейту, Компания қызметін атқару үшін капиталдың қолжетімді қалыпты деңгейі мен тұрақты түрде кредиттелу қабілеттілігін қамтамасыз ету. 2015 жылдың 31 желтоқсанына сай алғанда Компанияның қаржылық жағдайы тұрақты және капиталды байсалды құрылымы сақталған. Алдағы уақытта да Компания капитал құрамын сақтап қалуды көздейді, бұл икемділікпен қатар, өсу мүмкіндігін де қамтамасыз етеді.

Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдың өзгеруіне қарай өзгертіп отырады. Капиталды сақтап қалу және капитал құрылымын өзгерту мақсатында Компания дивидендтер төлеу мөлшерін реттей алады, капиталды акционерлерге қайтарады және жаңа акцияларды айналымға шығарады. 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдарда капиталды басқару барысына, саясатына және мақсаттарына өзгерістер енгізілген жоқ.

23. Қаржылық құралдар

Бірлесе басқаратын кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, қысқа мерзімді саудалық дебиторлық берешектер, саудалық кредиторлық берешектер мен белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша тартылған қаражат сынды қаржылық құралдардың әділетті құны шамамен олардың теңгерім құнына тең.

24. Келісімшарттық және шартты міндеттемелер**Саяси және экономикалық жағдай**

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымдардың дамуы өз жалғасын табуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы аталған реформаларға, сонымен қатар, Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саласында қабылдаған шараларының тиімділігіне тікелей тәуелді.

2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляциялық таргеттеу тәртібіне көшті. Аталған тәртіпті енгізу нәтижесінде валюталық ресми бағам 2015 жылғы 31 желтоқсанға сай бір АҚШ долларына шаққанда 188,38 теңгеден бір АҚШ долларына 339,47 теңгеге дейін көтерілді.

2015 жылы шикі мұнай бағасындағы елеулі төмендеу мен Қазақстан теңгесінің едәуір құнсыздануы Қазақстан экономикасына кері әсер етті. Аталған факторлардың жиынтығы капиталға деген қолжетімділікті азайтып, капитал құнының артуына, инфляция деңгейінің ұлғаюына алып келді және салыстырмалы түрде алғанда экономиканың дамуына қатысты тұрлаусыз жағдайлардың туындауына жол берді. Бұл келешекте Компанияның экономикалық дамуына, операциялар нәтижелеріне және қаржылық жағдайына жағымсыз ықпал етуі мүмкін. Компания басшылығы ағымдағы жағдайға қатысты экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолға алынуға деп есептейді.

Ресей Федерациясына жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы үкіметаралық келісімге сәйкес, Қазақстан Ресей Федерациясына қарама-қарсы негізде шикі мұнай жеткізуді іске асырады. Бұл тұрғыда «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ «байланысты тарап» ретінде оператор, ал Компания үкіметтің квотасын бөлетін жеткізушілердің бірі ретінде анықталған болатын. Аталған үкіметаралық келісім негізінде Компания 2014 жылдың қыркүйек айында Ресей Федерациясына шикі мұнай жеткізу туралы «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ-мен келісімшарт жасасты (21-Ескерту). Алдын ала келісілмеген жеткізу көлемінсіз келісімшарт 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етті. 2015 жылдың наурызында Компания дәл осындай келісімді 2015 жылға жасады. 2015 жыл бойында Компания қарама-қарсы негізде 916 мың тонна шикі мұнай жеткізуді жүзеге асырды (2014 жылы: 447 мың тонна). Аталған жеткізілімдер Компанияның ішкі нарыққа мұнай жеткізу міндеттемелеріне қосымша болып табылады. Жеткізілімдер 2015 жылдың тамыз айында аяқталды.

Ішкі нарыққа жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Қазақстан үкіметі мұнай өндіруші компанияларды өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін ішкі нарыққа жеткізуге міндеттейді. Бұл тұрғыдағы жеткізілімдер бойынша шикі мұнайдың бағасы Бас компаниямен келісілетіндіктен, ол әлемдік бағадан едәуір төмен болуы мүмкін (21-Ескерту). Егер Үкімет Компанияның осы уақытта жеткізген көлемінен артық мөлшерде қосымша шикі мұнай жеткізуді міндеттейтін болса, онда мұндай жеткізілімдер нарықтық бағамен жеткізілетін өнімге қарағанда басымдыққа ие болады да, шикі мұнайды экспортқа сатуға қарағанда табыстың айтарлықтай азаюына жол береді, бұл, өз кезегінде, Компания қызметінің нәтижесіне, қаржылық жағдайы мен болашағына кері әсер етеуі мүмкін.

Компания мұнай және мұнай өнімдерін ішкі нарыққа жеткізуді Бас компанияның еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ-ға өткізу жолымен жүзеге асырады. Ішкі нарыққа мұнай жеткізу бағасы жыл сайын Бас компания мен «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ арасында жүргізілетін келісім бойынша анықталады. Компания Жарғысына сәйкес, келісілген бағалар іс жүзінде Компанияның Тәуелсіз Директорлары тарапынан бекітілуі тиіс.

24. Келісімдік және шартты міндеттемелер (жалғасы)

2015 жылы ҚМГ ҮК ескертпесі бойынша «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ-ға төленген орташа баға: Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) өткізілген шикі мұнай бағасы бір тоннаға, сәйкесінше, шамамен 21.288 теңгені және 32.923 теңгені құрады. Компания мен Компанияның Тәуелсіз Директорлары бұл бағалар бойынша келіспеушілік білдіріп, бағалар бекітілген жоқ.

2015 жылдың төртінші тоқсанында АМӨЗ және ПМХӨЗ-ге 2015 жылы өткізілген барлық ауқымдар бойынша Компания тоннасына 37.000 теңге алады деген келісімге қол жеткізілді. Аталған қаржылық есептеме төртінші тоқсанда келісілген бағаны есепке ала отырып, қайта түзетілді.

2015 жылы Компанияның еншілес ұйымдары ішкі нарыққа 2.754.459 тонна мұнай жеткізді (2014 жылы: 2.014.377 тонна). Ішкі нарыққа мұнай жеткізу бойынша Қазгермұнай бірлескен кәсіпорнындағы Компания үлесі 2015 жылы 1.051.000 тоннаны құрады (2014 жылы: 971.250 тонна). Ішкі нарыққа мұнай жеткізудегі Компанияның ПетроҚазақстан қауымдасқан компаниясындағы үлесі 2015 жылы 925.389 тоннаны құрады (2014 жылы: 946.081 тонна).

Салық салу

Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты түрде өзгеріске ұшырап, әртүрлі түсіндірулерге жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасында да түсініспеушіліктер жиі кездеседі. Қазақстанның салық заңнамасы анықталған заң бұзушылықтарға қатысты төленетін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша қаталдығымен ерекшеленеді. Қазақстанның салық жүйесіне тән тұрлаусыздықтарға қатысты әлеуетті салық сомасы, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша санкциялар, егер ондайлар орын алатын болса, 2015 жылдың 31 желтоқсанына есептелген және осы уақытқа сәйкес жатқызылған шығындар сомасынан асып түсуі мүмкін.

Компания басшылығы салық заңнамасы бойынша өз түсіндіруін орынды және Компанияның салықтық қағидаларға қатысты ұйғарынды көзқарас ұстануына негіз бар деп есептейді.

2009–2012 жылдар бойынша кешенді салықтық тексеру

2015 жылдың 2 қыркүйегінде Компания 2009–2012 жылдарға қатысты кешенді салықтық тексеру қорытындысы бойынша 38.511 миллион теңге сомасына түпкілікті ескерту алды (13-ескерту), оның ішінде салықтық қосымша есептеу сомасы 18.620 миллион теңгені құрайды, ал 9.697 миллион теңге өсімпұл сомасы және 10.194 миллион теңге айыппұл сомасы болып табылады. Мемлекеттік кіріс комитетінің 2015 жылдың 28 қыркүйегіндегі шешімі бойынша, әкімшілік айыппұл мөлшері 10.194 миллион теңгеден 9.306 миллион теңгеге дейін азайтылды. Компания салық бойынша тексеру қорытындысымен келіспейді және де 2015 жылдың 7 қыркүйегінде қосымша салықтық есептеулерді қайта қарау жөнінде Мемлекеттік кіріс комитетіне шағым жолдады. Шағымдану нәтижесін күте отырып, Компания, бұдан кейінгі қимыл-әрекеттерді де қарастыруда, оның ішінде, тиісті сот орындарына жүгініп те, бірақ, бұл әрекеттермен шектелмей де.

Өтелетін ҚҚС

2012 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ активтерін сатуға байланысты өтелетін ҚҚС 46.558 миллион теңгені құрады. Әртүрлі салықтық тексерулер нәтижесінде салық органдары аталған төленген сомалар өтелетін болып табылмайды деп анықтады. 2015 жылдың 9 айында, Компания өтелетін ҚҚС-ны қаржылық есептемеде ұзақ мерзімді актив деп жіктеп, 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңге 7,93% мөлшерлемесі бойынша дисконттады.

2015 жылдың жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салықтың дисконтталған сомасы 42.306 миллион теңгені құраған болатын. 2015 жылдың төртінші тоқсанында Компания ҚҚС бойынша өз ұстанымын қайта қарап, Компанияның ҚҚС өтеу жөніндегі талабын қанағаттандырудан бас тарту мейлінше жорамалды деп есептейді, осының нәтижесінде 42.306 миллион теңге сомасына бағалау резерві құрылды.

2015 жыл бойында салық органдары «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ҚҚС бойынша 2013 жылдан 2014 жыл кезеңіне тақырыптық салық тексеруін жүргізді. Тексеру қорытындысында өтелмейтін ҚҚС сомасы 4.447 миллион теңгені құрады, аталған қаржылық есептемеде осы сомаға резерв құрылды.

Компания салық органдарының ұстанымдарымен келіспейді және өз мүдделерін сотқа жүгіну арқылы қорғауды әрі қарай жалғастыра береді.

Экологиялық міндеттемелер

Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасы енді дамып келе жатқандықтан, үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарын аяққа басушыларға елеулі ауқымда айыппұл салынады. Басшылық 13-Ескертуде көрсетілген сомадан басқа, Компанияның қаржылық жағдайына, пайда мен зиян туралы есебіне немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есебіне елеулі түрде жағымсыз ықпал ететін ықтималды экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Мұнай кен орындарының лицензиялары

Компания мемлекеттік органдар тарапынан лицензиялар талаптары мен жер қойнауын пайдалану туралы тиісті келісімшарттардың орындалуына қатысты үздіксіз тексеру жүргізу нысаны болып отыр. Компания басшылығы тексеру барысында орын алған мәселелер бойынша қажетті түзету шараларын мемлекеттік органдармен ынтымақтаса отырып шешуде. Лицензияларда көрсетілген талаптарды орындамау айыппұл мен өсімпұл төлеуге, қызметті шектеуге немесе лицензияны қайтарып алуға әкеп соқтыруы мүмкін. Компания басшылығы келісімшарттардағы не лицензиялардағы талаптардың орындалмауына қатысты кез келген мәселе, келіссөздер не түзету шараларын қолдану негізінде шешіледі және олар Компанияның қаржылық жағдайына, жалпы табыс туралы немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есептеріне елеулі түрде әсер етпейді деп есептейді.

Қаржылық есеп

Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертулер

(жалғасы)

24. Келісімдік және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Компанияның мұнай-газ кен орындары Маңғыстау және Атырау облыстық әкімдіктеріне қарасты жерлерде орналасқан. Лицензиялар Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі тарапынан берілген, сондай-ақ Компания пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен аталған кен орындарында мұнай және газ барлауды және өндіруді іске асыру үшін артық пайда салығын төлеп отырады.

Компанияның негізгі лицензиялары мен олардың қолданыс мерзімінің аяқталуы келесі кестеде көрсетілген:

Кен орны	Келісімшарт	Қолданыс мерзімінің аяқталуы
Өзен (8 кен орны)	No. 40	2036
Ембі (1 кен орны)	No. 37	2041
Ембі (1 кен орны)	No. 61	2048
Ембі (23 кен орны)	No. 211	2037
Ембі (15 кен орны)	No. 413	2043

Мұнай кен орындарының лицензиялары бойынша шарттық міндеттемелер

Жыл	Капиталдық шығындар	Операциялық шығындар
2016	81,218	4,124
2017	4,700	4,044
2018	2,504	4,044
2019	2,036	3,529
2020-2048	–	5,315
	90,458	21,056

Шикі мұнай жеткізу бойынша міндеттемелер

Үкіметтен түскен нұсқауларға сәйкес Компанияның мұнай және мұнай өнімдерін ішкі нарыққа жеткізу туралы міндеттемелері бар (21-Ескерту).

Қазгермұнай бойынша шарттық міндеттемелер

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазгермұнайдың шарттық міндеттемелеріндегі Компания үлесі былайша берілген:

Жыл	Капиталдық шығындар	Операциялық шығындар
2016	5,737	5,200

UGL бойынша шарттық міндеттемелер

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша UGL-дің шарттық міндеттемелеріндегі Компания үлесі былайша берілген:

Жыл	Капиталдық шығындар	Операциялық шығындар
2016	3,504	780

PKI бойынша шарттық міндеттемелер

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша PKI-дің шарттық міндеттемелеріндегі Компания үлесі былайша берілген:

Жыл	Капиталдық шығындар
2016	1,376

25. Есепті кезеңнен кейінгі жағдайлар

Аталған шоғырландырылған қаржылық есепке Компания атынан 2016 жылдың 23 ақпанындағы жағдай бойынша лауазымдық қызметтер атқаратын төмендегі тұлғалар қол қойды:



Есқазиев Қ.О.
Бас директор



Абдулғафаров Д.Е.
Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Дрейдер Ш., СА
Қаржы директоры – Қаржылық бақылаушы



Зайнелова А.А., СРА
Бас бухгалтер